М. Л. Окулованың пікірінше ақпараттық-әдістемелік қамсыздандырудың құрамында негізгі басымдық оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологияларына беріледі. Олардың ішіндегі танымалдары электронды оқу басылымдары, есептеу желілерінің таратылған ақпараттық қорлары болып табылады. Ақпаратты ұсынуудың дәстүрлі нұсқасына қарағанда олардың құрылымы гипермәтін негізінде іске асырылған.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Әдістемелік қамсыздандырудың жаңа ұрпағы тұлғалық-бағдарланған тәсіл негізінде оқыту траекториясын өз бетінше таңдауды іске асыруға мүмкіндік береді. Біз өз зерттеуімізде болашақ жаратылыстану пәндері мұғалімін АТТ-ны пайдалануға даярлауда эксперимент жұмысы ауқымды болуына байланысты, болашақ химия мұғаліміне эксперимент жүргізді [6].

Білімгердің өзіндік оқу-танымдық, кәсіби-практикалық іс-әрекеті кәсіпті менгерудің негізгі жоғары кәсіби даярлаудың негізі болып табылады.



Сурет 1 – Болашақ химия мұғалімдерін ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды пайдалануға даярлаудың әдістемелік жүйесінің компоненттері

Теориялық және практикалық даярлық тұтас кәсіптік құзыреттілікке жинақтау үшін кәсіби оқытудың жалпы стратегиясындағы жедел орындалатын оқу тапсырмалары мен олардың функциялары арасында мағыналы байланыс орнатуға психологиялық-педагогикалық негіз салу қажет.

Бұған болашақ химия мұғалімдерін оқытуда жүргізілетін ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларға негізделген пәндер циклінің көмегімен қол жеткізуге болады.

Аталмыш цикл 5B011200 – Химия мамандығы бойынша болашақ мұғалімдерді даярлаудың жұмыс оқу жоспарындағы модульдер бойынша келесі пәндер циклі болып табылады (кесте 1).

Кесте 1 – 5B011200 – Химия мамандығы бойынша модульдер (пәндер) тізімі

| Пәннің (модульдің) атауы                             | Кредиті КР/ECTS | Семестр |
|--|-----------------|---------|
| Жалпы білім беру пәндері                             | МК              |         |
| Кәсіби мақсаттарға арналған ақпараттық технологиялар | 3/5             | I       |
| Мамандық бойынша міндетті модуль                     | МК              |         |
| Химияны оқыту әдістемесі                             | 3/5             | VI      |
| Кәсіптендіру пәндері                                 | ТК              |         |
| Компьютерлік химия                                   | 3/5             | VII     |
| Көрнекі құралдар дайындау әдістемесі                 | 3/5             | VII     |

Енді осы пәндер мазмұны бойынша болашақ химия мұғалімдерінің ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар бойынша даярлығын қалыптастыру мазмұнына тоқталайық.

#### *1 «Кәсіби мақсаттарға арналған ақпараттық технологиялар» пәні*

1-курстың 1-семестрінде оқытылатын «Кәсіби мақсаттарға арналған ақпараттық технологиялар» пәні білімгерлердің орта мектеп бағдарламасы бойынша алған білімдерін, жалпылау, бекіту функциясын атқарады. Компьютерлік техника, бағдарламалау элементтері, бағдарламалық қамтамалар, ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау мен таратуды ұйымдастыру мәселелерін зерттейді.

«Кәсіби мақсаттарға арналған ақпараттық технологиялар» курсы ақпарат ұғымы, компьютер техникасы құраушылары, ақпараттандыру құралдары, бағдарламалық жабдықтар аспектілері бейнеленетін негізгі теориялық және практикалық мәліметтерден тұрады.

#### *2 «Химияны оқыту әдістемесі» пәні*

Химияны оқыту әдістемесінің пәнінің мақсаты – білімгерлерде тәжірибеге бейімделген білімдер мен қабілеттердің жүйесін, химия мұғалімінің кәсіби

құзыреттілігін қалыптастыру, білім берудің ұлттық жүйесінде тәжірибелік іс-әрекетке дайындау болып табылады.

#### *Пәннің негізгі міндеттеріне келесілер жатады:*

- Химияны оқыту әдістемесінің жалпы мәселелерін зерттеу;
- Химиялық білім беру мәселелері бойынша нормативтік базаны зерттеу;
- Химияны оқытудың қазіргі заманғы әдістемелері мен технологияларын менгеру;
- Химия курсының жеке мәселелерін оқыту әдістемесін қарастыру;
- Химияны оқыту үдерісінде тәжірибені ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру.

#### *Пән мазмұны стандартта белгіленген.*

Болашақ химия мұғалімдерінің ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларын пайдалану даярлығын қалыптастыруды іске асыру «Химияны оқыту әдістемесі» пәнін оқытуда үзіктей қарастырылады. Бұл пәнде білімгер химияны оқытудың электронды орталарын пайдаланумен танысады. Әдістеменің оқып үйрену барысында болашақ мұғалімдер кәсіби-әдістемелік даярлық алады және міндетті түрде: химияны оқыту үдерісінің білім беру, тәрбиелеу және дамытушылық мақсаттарын, мектеп бағдарламасының мазмұнын, оқулықтарды, химиядан оқу әдістемелік құралдарды, нормативтік құжаттарды білулері тиіс; химияны оқыту әдістері және оның нәтижелерін, оларға қойылатын талаптар, бақылау химияны оқыту әдістемесінің теориялық негіздері жүйесін, мектеп химия кабинетінің оқу қондырғылары жүйесін, оларға қойылатын талаптарды, оқытудың техникалық орталарын, олардың дидактикалық мүмкіндіктерін, химияны оқытудың заманауи технологияларын білулері тиіс [7].

Қойылған мақсаттар «Химияны оқыту әдістемесі» курсының типтік бағдарламасы негізінде іске асырылады. Химияны оқыту әдістемесі курсы арнайы сәйкес әдістемелік элективтік курсты оқыту арқылы болашақ химия мұғалімінің ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды пайдалану даярлығын қалыптастыруға негіз қалайды.

Жетекші дидакт ғалымдардың еңбектерін талдау негізінде [8–10] педагогикалық бағыттағы элективтік курс мазмұнына қойылатын талаптарды төмендегіше тұжырымдауға болады:

- педагогикалық пәндер бойынша элективтік курстар оқытушыға қойылатын заманауи талаптардың берік теориялық іргелілігіне, оның тұлғасын қалыптастырудың және білім беру мекемесіндегі шығармашылық жұмысқа даярлығын тәрбиелеудің ғылыми негізділігіне сүйенуі тиіс;
- психологияның, педагогиканың, дербес әдістемелердің аймағындағы соңғы жетістіктерді ескеру арқылы жасалған элективтік курс болашақ мұғалімдерде кәсіби ойлауын, педагогикалық қызығушылықтары мен



кабілеттерін дамытуға бағытталған, сонымен қатар, білімгерлерді заманауи мектеп жағдайында өз бетінше шығармашылықпен жұмыс істеуіне қажетті зерттеушілік біліктермен, дағдыларымен қаруландыруды мақсат етеді;

– *элективтік курстар* болашақ мұғалімді даярлаудың жалпы жүйесіне үйлесімді кірігуі тиіс және келесі функцияларды орындауы тиіс: зерттеушілік немесе практикалық педагогикалық іс-әрекетке кіріспе, психологиялық-педагогикалық ғылымдардың соңғы жаңалықтарымен, жаңа дербес әдістемелермен танысу;

– *элективтік курстар* білімгерлердің кәсіби педагогикалық іс-әрекеттерінің сипатын да ескеруі тиіс;

– *элективтік курсты* оқытуға даярлауда оның оқу бағдарламасын, лекциялық материалдарын, семинарлық және практикалық, зертханалық сабақтарды өтуге арналған әдістемелік нұсқауларды даярлау, білімгерлерге пән тапсырмаларын, шығармашылық тапсырмаларды, сұлбалар мен диаграммаларды, өзіндік жұмыстар тапсырмаларын орындауға қажетті ескертпелер жиыны даярлануы тиіс және т. б.

Әдістемелік жүйені жасауда *элективтік курстар* мазмұнын іріктеу жалпы маңызды дидактикалық ұстанымдар негізінде іске асырылды: ғылымилық, жүйелілік, көрнекілік, оқытудағы жүйелелік пен бірізділік, оқу материалын меңгерудің жеткіліктілігі, теорияның практикамен байланысы ұстанымдары.

Болашақ жаратылыстану пәндері мұғалімінің АТТ пайдалану даярлығын қалыптастыруға бағытталған *элективтік курстар* мазмұнын іріктеуде негізгі рөл келесі ұстанымдардан алынды: дидактикалық және қорлар қолжетімділігі, жүйелілігі, интегративтігі, көпфункциональдылығы, кешенділігі, практикалық бағыттылығы. Бұларды жекелей қарастырайық:

– *Дидактикалық және қордың қолжетімділігі ұстанымы* бұл жағдайда екі аспектіде қарастырылады. Дидактикалық қолжетімділік білімгерлердің даярлық деңгейін, олардың базалық және пәндік-арнайы ақпараттық-телекоммуникациялық даярлығы деңгейін анықтаса, қорларға қолжетімділік – білімгерлердің еркін таралымдағы әрі арнайы компьютерлік бағдарламалық қамтамалармен жұмыс істей алулары деңгейін анықтайды.

– *Жүйелілік ұстанымы* *элективтік курстар* мақсаты мен мазмұнының оқыту әдістері мен формаларының, оқыту құралдары мен оның нәтижелерін бағалауға сәйкестілігі. *Элективтік курстар* мазмұны жүйенің барлық белгілеріне ие: тұтастылық, элементтер арасындағы байланыс және т.б.

– *Интегративтілік ұстанымы* *элективтік курстарда* психологиялық-педагогикалық, базалық химиялық және химиялық-әдістемелік пәндердің арасында, сондай-ақ, «Кәсіби мақсаттарға арналған ақпараттық технологиялар», «Химияны оқыту әдістемесі», «Компьютерлік химия», «Көрнекі-құралдар

дайындау әдістемесі» пәндерінің арасында өзара мазмұндық байланыстарды орнатуға негізделген.

– *Кешенділік ұстанымы* *элективтік курс* мазмұны мен оны игерудегі білімгерлердің іс-әрекеттері қойылған әдістемелік міндеттер кешенін толықтай іске асырады.

– *Практикалық бағыттылық ұстанымы* *элективтік курс* мазмұнының білімгерлерде ақпараттық қоғам жағдайында білім беруді ақпараттандыруға қажетті әдістемелік дағдылар мен біліктерді қалыптастыруды қамтамасыз етуімен тұжырымдалады [11].

Жоғарыда аталған ұстанымдарды талдай келе біз «Компьютерлік химия», «Көрнекі-құралдар дайындау әдістемесі» *элективтік курстарын* әдістемелік тұрғыда құрдық.

### 3 «Компьютерлік химия» *элективтік курсы*

*Курстың* мақсаты – білімгерлерді химиядағы математикалық модельдеу мүмкіндіктерімен танысу, оны химиялық есептерді шешу үшін қолдану және сөйкес бағдарламалық жабдықпен жұмыс жасау дағдыларын қалыптасу.

#### *Курс міндеттері:*

– білімгерлерге химия саласында компьютер техникасы мен бағдарламалық жабдықтарды қолданудың негізгі бағыттары туралы білім беру;

– химиялық ақпараттарды талдау, химиялық есептерді шешуде, химиялық ақпараттарды модельдеуде бағдарламалық құралдарды пайдалануға үйрету;

– химиялық тәжірибе нәтижелерін компьютер көмегімен статистикалық ақпараттарды, тәжірибе нәтижелерін статистикалық болжау мен талдаудың әдістерін, құралдарын меңгерту;

«Компьютерлік химия» *элективтік курсының* мазмұны қосымша Б-да көрсетілген.

### 4 «Көрнекі-құралдар дайындау әдістемесі» *элективтік курсы*

*Пән мақсаты:* болашақ химия мұғалімдерін химия пәнінің орта мектепте оқытылатын тақырыптары бойынша көрнекі құралдар дайындауға үйрету.

#### *Пән міндеттері:*

– көрнекі құралдар көмегімен химиялық ұғымдар, химиялық реакциялар, – ерітінді құрамы мен химиялық заңдылықтар туралы тәуелділікті анықтау жолдарын меңгерту;

– зерттеу нәтижелерін графикалық формада ұсыну әдістерін білуге, қолдануға үйрету, химия пәні тақырыптары бойынша тірек-сызба кестелерін компьютер көмегімен көрнекі құру қолданбалы бағдарламаларымен жұмыс жасау біліктері мен дағдыларын меңгерту.

– практикалық іс-әрекеттің нәтижелерін көрсету үшін мультимедиялық қорларды, ақпараттық-телекоммуникациялық қорларды пайдалануға үйрету.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, болашақ жаратылыстану пәндері мұғалімінің АТТ пайдалануға даярлығын, педагогикалық іскерліктермен қамтамасыз ететін «Кәсіби мақсаттарға арналған ақпараттық технологиялар», «Химияны оқыту әдістемесі», «Компьютерлік химия», «Көрнекі-құралдар дайындау әдістемесі» оқу пәндері болып табылатыны анықталды. Ал, олардың мазмұны біздер ұсынған оқу бағдарламалары мен оқу-әдістемелік құралдар арқылы қамтамасыз етілді. Болашақ химия мұғалімін даярлайтын жоғары оқу негізгі міндет – ақпараттық қоғамда білім берудің заманауи тиімді АТТ кәсіби деңгейде оңтайлы іріктеп пайдалана білетін, орасан көлемдегі ақпараттық қорларды жоғары біліктілікпен пайдалану, білім беру түрлерін іске асыруда ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялардың толық әлеуетін пайдалануға қабілетті, іскер кәсіби мамандар дайындау.

Біздің жағдайымызда «Химияны оқыту әдістемесі», «Компьютерлік химия», «Көрнекі құралдар дайындау әдістемесі» пәндері болашақ химия мұғалімдерін ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды пайдалануға даярлауда жүйелі оқытылатын пәндер циклі болып табылады. Аталған пәндер циклі маман даярлаушы жоғары оқу орны оқытушыларына да үлкен талаптар қояды.

Қорыта айтқанда, жоғарыда айтылған ойлар, Химияны оқыту әдістемесі ғылымының іргелі ұғымдары мен Компьютерлік химия, Көрнекі құралдар дайындау әдістемесі пәндерінің негізгі мазмұнымен өзара үйлесімді әрі сәйкес ұғымдар өзара сабақтастықта болатындығын дәлелдейді.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Ly Thi.** Tran Internationalisation of Vocational Education and Training: An Adapting Curve for Teachers and Learners // Journal of Studies in International Education. – 2013. – № 17. – P. 492–507.

2. **Stasz, C., Hayward, G., Su-Ann, Oh, Wright, S.** Outcomes and Processes in Vocational Learning: A Review of the Literature. – London : LSRC Research Report, 2004. – 205 p.

3 **Сысоев, П. В., Евстигнеев, М. Н.** Методика обучения иностранному языку с использованием новых информационно-коммуникационных Интернет-технологий: учеб.-метод. пособие. – М. : Глосса-Пресс; Ростов н/Д. : Феникс, 2010. – 182 с.

4 **Кузьмина, Н. В.** Способности, одаренность, талант учителя. – Л. : Отд. общества «Знание», 1985. – 193 с.

5 **Uzunboylu, H., Ozdamli, F.** Teacher perception for m-learning: scale development and teachers' perceptions // Journal of Computer Assisted Learning. – 2001. – Vol. 27. – № 6. – P. 544–556.

6 **Берді, Д.** Болашақ химия мұғалімдерін кәсіби дайындаудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері // «Өзбекәлі Жәнібек оқулары-2013» атты IV республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция. – Түркістан, 2013. – Т. 2. – Б.77–82.

7 **Берді, Д.** Ақпараттық технологияны пайдаланып болашақ химия мұғалімдерін даярлау // «Қазақстан-2050 стратегиясы» - жоғары оқу орындарында педагог кадрларды кәсіби даярлауды қалыптастыру концепциясының негізі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. – Шымкент, 2014. – Т. 2. – Б.415–418.

8 **Лакоба, С. Е., Толкач, Л. Я.** Методика преподавания химии в условиях современной школы: пособие. – Гродно : ГрГУ, 2011. – 111 с.

9 **Минич, О. А.** Развитие информационной культуры учителя в системе дополнительного образования взрослых: дис. ... канд. пед. наук: 13. 00. 01. – Минск, 2012. – 252 с.

10 **Цветкова, М. С.** Информационная активность педагогов. – М. : БИНОМ; Лаборатория знаний, 2010. – 252 с.

11 **Berdi, D., Usembayeva, I., Ramankulov, B., Saparbekova, G. Berkimbaev, M.** Results of the Experimental Research on the Introduction of Information and Telecommunication Technologies in Teacher's Professional Training // Indian Journal of Science and Technology. – 2015. – Vol 8. – № 27. – P. 10.

Материал 30.05.19 баспаға түсті.

*Д. К. Берди*

**Методологическая система использования ИТТ при подготовке учителей химии**

Международный казахско-турецкий университет имени Х. А. Ясави, Туркестан, 161200, Республика Казахстан. Материал поступил в редакцию 30.05.19.

*D. K. Berdi*

**The methodological system of using ITT in the training of teachers of chemistry**

K. A. Yesevi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, 161200, Republic of Kazakhstan. Material received on 30.05.19.

*В этой статье рассматривается методологическая система использования информационно-телекоммуникационных технологий при подготовке учителей химии. Будущий учитель химии, используя информационно-телекоммуникационных технологий в подготовке, определяет следующие предметы: «Информационные технологии в профессиональной деятельности», «Методика обучения химии», «Компьютерная химия», «Подготовка дидактических материалов».*

*His article discusses the methodological system of using information and telecommunication technologies in the training of teachers of chemistry. The future teacher of chemistry, using information and telecommunication technologies to prepare, determines the following subjects: «Information technology in professional work», «Chemistry teaching methodology», «Computer chemistry», «Training of didactic materials».*

FTAMP 18.31.07

### **Б. А. Әлмұхамбетов<sup>1</sup>, Р. Р. Берікбол<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>п.ғ.д., профессор, Педагогика және психология институтының директоры, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы

<sup>2</sup>докторант, 2 курс, «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы

e-mail: <sup>1</sup>al.berik@mail.ru; <sup>2</sup>rahat.berikbol@yandex.kz

### **БОЛАШАҚ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ МҰҒАЛІМІНІҢ ЭТНОКӨРКЕМ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

*Мақалада заманауи білім беру жүйесінің теориясы мен практикасындағы, болашақ бейнелеу өнері мамандарының этнокөркем мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық негізі қарастырылды. Педагогикалық негізін анықтауда, зерттеу мәселесінің шекарасын айқындай отырып екі бағытта жүргізу ұсынылды. Біріншіден этнокөркем мәдениеттің мәдениетке қатынасы бар құндылықтар жиынтығы. Екіншіден этнокөркем мәдениет болашақ бейнелеу өнері маманының педагогикалық мәдениетінің бір бөлігі. Этнокөркем мәдениеттің өзара байланысты құрамдас мәдениеттер түрлері: көркемдік мәдениет; эстетикалық мәдениет; этникалық мәдениет; рухани – адамгершілік мәдениет қарастырылып, өзара байланысының графикалық сызбасы берілді. Этнокөркем мәдениеттің құрамдас бөліктерінің мазмұны талданған кесте ұсынылды. Мәселені жеке педагогикалық білім призмасынан қарай отырып, педагогикалық мәдениетті жосарлатудың ең қажетті бағыттарының бірі болашақ мұғалімнің этнокөркемдік мәдениетін қалыптастыру аспектілерін күшейтуді ұсынатын отырмыз. Этнокөркем мәдениетін қалыптастыру Қазақстан графика өнері туындылары мысалында қарастырылды.*

*Кілтті сөздер: Педагогика, этнокөркем, мәдениет, графика, қалыптастыру, рухани, адамгершілік, құндылық.*

#### **КІРІСПЕ**

Бүгінгі заманауи білім беру жүйесінің теориясы мен практикасында болашақ педагог мамандардың этнокөркем мәдениетін қалыптастыру маңызды.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында жаңғырудың маңызды алғышарттары ұлттың – рухани тамыры мәдениетті айта келіп, «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» [1] – деп, нақтылап өтті. Мәдениетті ұрпақ еліміздің болашағы, осы мәдениетті ұрпақты тәрбиелеуде мектеппен ұстаздан ролі ерекше. Әрине отбасындағы тәрбиенің ролін жоққа шығара алмаймыз. Бірақта сол балаға отбасында тәрбие беретін ата-ана еліміздің білім беру жүйесінің жемісі. Фил. Докторы профессор Ш. Ыбыраев «Не ексең, соны орасың немесе мәдениет туралы ойлар» атты мақаласында мәдениеттің амазат үшін маңыздылығын айтады. «Мәдениет бұрын да, бұдан кейін де бола бермек. Өйткені қазіргі әлемдік өркениеттің көкжиегінен бірде – бір халықты, қоғамды, мемлекетті мәдениеттен тыс көзге елестету қиын. Адамзат баласының мыңдаған жылдық рухани сабақтастығының және саналығының ең басты көрсеткіші – оның мәдениеті...» [2]. Ғалымдар Уркинбаева Дүйсенкул, К. В. Эсеккуев пен Ю. С. Ременникова, ғылыми еңбектерінде сәндік-қолданбалы өнер арқылы этнокөркем мәдениетті қалыптастыру мәселелері қарастырылған. Ұ. М. Әбдіғабарова студенттерді қазақ ұлттық ою – өрнек өнерін оқушылар тәрбиесінде пайдалануға даярлауды қарастырды. Графика өнерін жоғары мектепте оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерін өз ғылыми еңбегінде М. Ж. Тәнірбергенов графика өнері туындылары арқылы студенттердің бойында шығармашылықты қалыптастыру және графиканы оқыту әдістемесін ұсынған.

Біз болашақ бейнелеу өнері мұғалімнің этнокөркем мәдениетін графика өнері туындылары арқылы қалыптастыруды қарастырып отырмыз. Өйткені өнер адамзат ғұмыр жолының айнасы. Графика өнері бейнелеу өнері түрлерінің негізі болып саналады.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Болашақ бейнелеу өнері мамандарының этнокөркем мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық негізін анықтауда, зерттеу мәселесін шекарасын айқындай отырып екі бағытта жүргізіледі. Біріншіден этнокөркем мәдениет мәдениетке қатынасы бар құндылықтар жиынтығы. Екіншіден этнокөркем мәдениет болашақ бейнелеу өнері маманының педагогикалық мәдениетінің бір бөлшегі. Болашақ бейнелеу өнері мамандарының этнокөркем мәдениетінің компоненттері тұтас этнокөркем мәдениеттің құрамдас бөлігімен байланыста болады. Этнокөркем мәдениетті біз кең мағынасында жинақтаушы категория ретінде қарастырамыз. Олар көркем құндылықтар жиынтығын,

өртүрлі әлеуметтік – мәдени процестер. Қарастырып отырған тақырыбымыздың «мәдениет» базалық негізі болғандықтан мәдениетті категория ретінде мәдени философиялық идея, педагогикалық ғылым және білім беру практикасы көзқарасы тұрғысынан қарастырамыз. Мәдениет мәселелері алыс шет елдік ғалымдар (Э. Б. Тайлер, Л. Уайт, В. Освальд, Ф. В. Шеллинг және т.б.), орыс ғалымдары (В. И. Ключевский, Н. А. Бердяев, В. С. Соловьев және т.б.) және отандық ғалымдар (Ф. Есім, Т. Х. Ғабитов, Б. К. Байжігітов, Н. Шаханова Г. Шалабаева, Өтеген Мәрзия және т.б.) еңбектерінде сипатталады.

Ғылыми әдебиеттегі мәдениеттің алғашқы анықтамалары антропологиялық мәні Э. Тайлерге тисілі. Э. Тайлер «культура как комплекс, включающий знания, верования, искусства, законы, мораль, обычаи и другие способности и привычки, обретенные человеком как членом общества...» [3], – деп мәдениетті кешен ретінде түсінді.

М. Каган философиялық талдауларында мәдениет тақырыбын адам өмірінің мәні, рухының күрделі жағдайларымен және өнердің эстетикалық мәні мен байланыстырды. «Мәдениетті зерттеу нәтижелеріне назар аударатын отырып, адам өмірін, өнер моделдеп иллюзиялық болмысын жасайды. Ал мәдениет толықтай тарихи әзірленген осы иллюзиялық болмысты оның сапасы және қабілетін адами болмыс ретінде жүзеге асырады. Адамның бойындағы барлық бар нәрселер, мәдениет ретінде пайда болады. Өнер адамның өзі сияқты мәдениетті тудырушы және оның басты туындысы ретінде жан-жақты бай қарама – қайшылыққа толы...» [4]. Осы ғалымдар ой пікірлері адам, қоғам, мәдениет, өнер бір – бірімен біте қайнасып жатқан бір – бірінен ажыратып қарастыруға болмайтын құбылыс екенін дәлелдейді. Адам – қоғамның, әлемнің бір бөлігі, белгілі бір мақсаттарды іске асыру жолында әрекет етіп жатқан субъект. Ал, мәдениет – халықтың мыңдаған жылдар бойындағы шығармашылығы, қауым мен жеке адамның рухани ізденісі, халықтың даналығы мен адамгершілік нышандары. Адамзаттың рухы мен келбеті, оның ерік бостандығы мен тарихи зейін – есі, өмірлік сабақтары, діні мен тілі, өнері мен мұраты мәдениетпен біте қайнасақ. Яғни, бұл тұрғыдан алғанда Адам және мәдениет екеуі егіз ұғым, бірінен – бірі бастау алып және біріне – бірі сіңіп жатқан құбылыстар. Мәдениет түсінігінің әртараптылығына қарамай «адам қызметінің әдістері мен нәтижесі, адами құндылықтардың жиынтығы» [5, 4 б.], – деп адам осында басты элемент екенін көрсетеді. Б. П. Юсовтың ойынша «мәдениет» түсінігінің негізі «кез келген құбылыстың ерекше сапалы қабаты мәдениет, онда мәдениет тұтастай бір қатар элементерге бөлінеді: рухани, көркемдік, ғылыми, технологиялық, діни, этникалық, адамгершілік», осындағы әр элементі әлеуметтік қоғамда жұмыс жасайтын жеке жүйе ретінде қарастыруға болады [6].

Б. П. Юсовтың теориясына жүгіне отырып этнокөркем мәдениеттің мазмұны кеңістікте күрделі ұйымдастырылған көркемдік, эстетикалық, этникалық, рухани – адамгершілік мәдениеттер жиынтығын ұсынамыз. 1-ші суретте көруге болады. Осындағы әр элемент бір біріне тәуелді бола тұра мәдениеттің тұтас ажырамас бөлігі ретіне көруге болады.



Сурет 1 – Этнокөркем мәдениеттің өзара байланысты құрамдас элементтері

1-ші суретте ұсынылып отырған этнокөркем мәдениеттің өзара бір-біріне енген 1-ші және 3-ші құрамдас бөліктері мәдениеттің эстетикалық қасиетін құрайды. Өз кезегінде осы бөліктер тұлғаның рухани-адамгершілік мәдениетіне апарды. 1-ші суретте этнокөркем мәдениеттің іргетасы болып рухани – адамгершілік мәдениет орналастырылды. Үйткені ол көркемдік және эстетикалық мәдениеттердің дамуында негіз болып басымдыққа ие. Бұл мәдениеттерді қарастырмай болашақ маманның этнокөркем мәдениетін қалыптастыру жолдарын ұсыну мүмкін емес.

Этникалық мәдениет біздің зерттеуімізде Қазақстан графика өнері туындылары мысалында қарастырамыз. Қазақтың графика өнері осы ұлан ғайыр жердің тарихи кеңістігінде мәдениеттің ілгері дамуымен қатар дамып отырған, оның куәсі осы күнде бізге жеткен графика өнерінің туындылары.

Графикалық туындыларда ұлттық көрніс ерекше ойлар арқылы көрсетіледі. Осы ойлар көркем образдар жасаудағы графикалық шешімдерде, сонымен қатар түстерде, белгілерде, ою-өрнектерде көрніс табады. Болашақ бейнелеу өнері мамандарының этнокөркем мәдениетін қалыптастыруда көркемдік және этникалық мәдениеттің өзара байланысы орын алады. Осы кезде тұлғалардың шығармашылық аламасуы, этникалық, рухани-адамгершілік қасиеттерінің даму үрдісі жүреді.

Графика өнерінің туындылары арқыл болашақ мамандардың этнокөркем мәдениетін қалаптастыруда жоғарыда көрсетілген мәдениеттер этнокөркем мәдениеттің құрамдас бөліктері болып табылады. Болашақ мамандармен жұмыс жүргізуде, әр мәдениет арнайы қызмет атқарады және олардың нәтижелерінің жиынтығы этнокөркем мәдениетті құрайды. Этнокөркем мәдениеттің мазмұны болып келетін, әр мәдениеттің мазмұнын жіктейік. 1-ші кестеде этнокөркем мәдениет нәтижесінің жиынтығы болатын әр мәдениеттің мазмұнын ұсынып отырмыз.

Этнокөркем мәдениет мазмұны

Кесте 1 – Этнокөркем мәдениет құрамдас бөлімдерінің мазмұны

| Этнокөркем мәдениет  |  |  |
|--|--|--|
| Көркем мәдениеті   | эстетикалық мәдениеті  | этникалық мәдениет   |
| – Көркемдік қызмет көркем бейнені жасу және қабылдау қабілеті, мұра болып қалған өнер туындыларындағы көркем семантикалық жүйе;<br>– көркем шығармашылық қызметтің өнімдері ( графика өнері литография, линогравюра, ксилография, офорт.)<br>– мәдени ерекшеліктері, көркем нысандар | – эстетикалық қызмет эстетикалық талғамға қаблеттілігі),<br>– ұлттық графика өнерінің тән сұлулықты анықтау қабілеті ,<br>– көрген қоршаған ортаны, эстетикалық тұрғыда қабылдай білу,<br>– эстетикалық қызмет нәтижесі (қоршаған орта кеңістігінде интрепретация және сұлулықты жүзеге асыру) | – патриоттық кеңістік (отанға деген махаббат);<br>– ұлттық дәстүрдегі негізгі жалпы ұлттық құндылықтар;<br>– ұлттық көркем тәжірибе (көркем мектептер тәжірибелері мен педагогикалық идеялар);<br>– Мәдениеттер кеңістігінде |
| Рухани – адамгершілік мәдениет   |  |  |
| өзін-өзі жетілдіруге және рухани дамуға қаблеттілігі;  |  |  |
| отанға деген махаббат, рухани – адамгершілік міндеттеріне адалдыққа қаблеттілігі;  |  |  |
| сезімдермен рухани – адамгершілік нормаларын нығайтуға қаблеттілігі;   |  |  |
| өмірдегі эмоциялық – сезімдік қарымқатынасқа қаблеттілігі  |  |  |
| еңбекқорлық, өзін-өзі оң адамгершілік тұрғыда сыйлау және бағалау;   |  |  |
| рухани – адамгершілік басымдыққа және идеалдарға талпыну;  |  |  |
| кәсіби қызметте адамгершілік негіздерінде шығармашылық өлеуетін жүзеге асыруға қаблеттілігі;   |  |  |

Этнокөркем мәдениеттің құрамдас бөімдерінне тоқталсақ. Көркем мәдениет деп біз графика өнері туындылар негізінде көркем құндылықтар жиынтығын алып отырмыз. Туындылардың көркем образдарында кезеге тән мінездік ерекшеліктерді, дәуірді, елді немес сол жерде мекен еткен бірнеше

халықтардың мәдениеті ұйымдарының мәдениетінің кеңістігін ықпал етуі көрніс табады.

Көркем мәдениет деп «эстетикалық құндылығы бар заттар, өнер туындыларын игеру, тарату, сақтау, осыларды жасаудағы рухани тәжірибелік жұмыс және тарихи анықтаушы үрдістер жүйесін» айтқан Л. Н. Романованың ойына қосыламыз [7, 26 б.].

Зерттеу жұмысымызда Т. И. Балканова, В. И. Баймурзина, Л. В. Кузнецова, Г. Н. Волков, Л. Е. Ершова, Т. Н. Петрова, Т. Я. Шпикалова сияқты зерттеушілер көз қарастарына сүйене отырып біз келесідей қортынды жасадық, тарихи қалыптасқан халықтың тәжірибесі мен дәстүрі, ерекше әдістер мен формаларды қолдану жолдары педагогикалық идеяның ең құнды көзі болып табылады. Сондықтан біз көркем мәдениетті этникалық мәдениет элементтерімен өзара байланыста қарастыру керек деп санаймыз.

Этникалық мәдениет дәстүрлер, әдет ғұрыптар, нышандар, халықтың бейнелеу өнерінің материалды құнды заттары. «Этникалық мәдениет – ол этностың мәдениеті, өзінің көрнісін этностың санасында, материалдық және рухани құндылықтарында табуы, ұлттық мәдениеттің өмір сүруінің тараптарының бірі. Этникалық мәдениет белгілі бір географиялық кеңістікке тиесілі, өзіндік бір текті саяси, экономикалық және әлеуметтік келбеті бар. Белгілі географиялық кеңістіктегі адамдардың көз қарасын көрсетеді, өзіндік ұлттық дәстүрдің синтезін білдіреді, құндылықтар жиынтығын береді. Этникалық мәдениет халық өнерінің әртүрлі формаларында көрініс тапқан (ауызша поэтикалық шығармашылығында ән, би, дәстүр, мерекелер, өнер туындылары және сәндік қолданбалы шығармашылық және т.б.)» [8].

1-ші кестеде қарастырылып отырған эстетикалық мәдениет, көркемдік және этникалық мәдениеттің өзара ықпалынан және өзара кіріктірілуі нәтижесінде қалыптасады. Сондықтан В. С. Мелниковтың пікірінше «эстетикалық мәдениет – ол эстетикалық тәжірибенің шешімін тауып ұйымдастыру, тұлғаның өсуінің болашағын анықтай білу, мәдениет элементтерімен өзара ықпалының үрдістерін анықтау. Ол үшін ерекше тепе теңдік сезім қажет, ерекше ой мен нақты мүмкіндік арасындағы нәзік балансты, қажеттілік пен ынталандырудың арасын, мақсат пен құралдың, сәйкестендіру мен мәнінің талғам деп аталатын, адамды қатесіз анықтауға мүмкіндік беретін қажеттілік шегін қарама – қайшы себептердің үйлесімділігін қамтамасыз ету» [9].

Рухани-адамгершілік мәдениет, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып, беріліп келе жатқан халықтардың құндылығын, дәстүрлі мәдениетін, барлық мәдениеттердің элементтерін дамыту мақсатында, өзінің мазмұнында негіз қылып топтастырады. Рухани-адамгершілік мәдениет біріншіден білім беру мен тәрбиенің этикалық жағымен байланысты бола отыра, этникалық ара қатынас

әлемін, рухани, мәдени, әлеуметтік келсім мен үздіксіз байланысты қолдайды. Ол дәстүрмен отбасы құндылықтарына баулуға, тұлғаның адамгершілік өзіндік сана сезімі мен моральды қалыптастыруға, білім алушылардың рухани дамуымен шығармашылық әлеуметтік дайындығына бағытталған. 1-ші кестеде көрсетілген этнокөркем мәдениеттің құрамдас бөліктерінің мазмұныны, бізге этнокөркем мәдениет жалпыға қатысты (рухани – адамгершілік, эстетикалық мәдениет), ерекше (көркем мәдениет) және жекелей (ұлттық, этникалық мәдениет) өзара интегративтік құбылысты білдіреді деп мақұлдауымызға мүмкіндік береді. Бір-бірінің мазмұнын толықтырады, байыта түседі, біріктіреді және бір-бірін байланыстырушы болады

Екінші бағытымызға көшсек онда этнокөркем мәдениет болашақ бейнелеу өнері мұғалімінің педагогикалық мәдениетінің бір бөлігін білдіреді. Осы түсінікке тән қасиетті анықтауда біз «Педагогикалық мәдениет» ғылыми білім беру мектебінің ережесін негізге алдық. Этнокөркем мәдениеті қалыптастырудың гуманитарлық саласында теориялық және әдістемелік аспектілерін талдауда бүгінгі таңда ғалымдар көп үлестерін қосты. В. Л. Бенин, Г. И. Гайсина, Е. Д. Жукова, Р. М. Фатыхова сияқты зерттеушілер басылымдарында, педагогикалық мәдениет мазмұны жағынан «педагогтың кәсіби мәдениеті» түсінігінен кең, ол элемент ретінде мәдениеттің барлық түрінде болатындығын дәлелдей түседі.

В. Л. Бениннің тұжырымдамасы бойынша, педагогикалық мәдениет «адамдардың өздерінің әлеуметтік тәжірибесі және осы қызметтің білім түрінде бекітілген нәтижесі. Арнайы институттар дағдылары мен біліктіліктерін бір ұрпақтан екіншіге берілетін тікелей қызметтің бірлігін педагогикалық процестің интегративті мінездемесі. Педагогикалық мәдениет мәдениеттің бөлігі ретінде бір жағынан мәдениетті өндіру мен дамытуға қызмет жасайды, тағы бір жағынан мәдениетті мәдени құндылықтарды өзгерту мен сақтау қоры қызметін атқарды» [10, 74–75 б.].

Педагогикалық мәдениеті жақсартудың қажетті бағыттарының бірі болашақ мұғалімнің этнокөркем мәдениетін қалыптастыру аспектілерін күшейту және оның элементтерін тұлғалық педагогикалық білім беру призмасынан қару. Тұлғаның этнокөркемдік мәдениетін Т. П. Воробева «отандық және әлемдік мәдениеттегі этносты сақтауға қажетті, жас өспірімдердің өз халқының мәдениет және өнер саласындағы білім, біліктілік пен дағды, қаблеттері, рухани құндылық, мәдени интеграция, қалыптастырушы шығармалық қызметі және этнокөркем мәдениетке деген қажеттілік пен тұлғаға интегралды білім беру» [11], – деп түсінеді. Т. П. Воробева ойына жүгінсек болашақ мамандарды дайындауда этнокөркем беру маңызды. Біз болашақ бейнелеу өнері мұғалімінің этнокөркем мәдениет қалыптастыруды кәсіби және мәдениеттер жыйынтығынан

тұратын тұлғалық білім беру деп түсінеміз. Болашақ бейнелеу өнері маманы тұлғалық білім беруде келесі біліктіліктерді мңгеруі қажет: халықтың бейнелеу өнерінен тұғырлы білім; аранайы қаблеттер; шығармашылық қызметтегі тәжірибе мен мәнділік – құндылығы бағдарлау, тәжірибесін қолдануға дайын болуы; ұлттық көркемдік құндылықтарды бағдарлау және олар жайлы кәсіби қызметте хабар тарата білу. Бейнелеу өнері мұғалімінің этнокөркем мәдениет қалыптастыруды кәсіби және мәдениеттер жыйынтығынан тұратын тұлғалық білім беру құрлымын анықтауда И. Я. Лернерге жүгіндік.

И. Я. Лернер білім берудің мазмұнының құрлымын, мәдениеттің келесі төрт элементінің жиынтығы ретінде анықтап ұсынды: 1) табиғат, қоғам, қызмет тәсілдері туралы білім; 2) тұлғаның білімі, дағдылары, біліктіліктері мен бірге орындалатын қызметтерді және белгілі тәсілдерді жүзеге асыру тәжірибесі; 3) интеллектуалды рәсімдеуде, жүзеге асатын шығармашылық қызмет бойынша тәжірибесі; 4) қызметтің құралы немесе нысаны болаған шындыққа, эмоционалды – құндылық тұрғыда қарым қатынас тәжірибесі [12, 185 б].

И. Я. Лернердің білім берудегі құрлымының мазмұнына сүйене отырып. Біз болашақ бейнелеу өнері мұғалімінің этнокөркем мәдениеттің құрлымының өзара байланысты келесі төрт компоненттерін белгіледік: мазмұндық, гносеологиялық, ұйымдастырып – орындаушылық, мәнінің – құндылығы.

Болашақ бейнелеу өнері мұғалімінің этнокөркем мәдениеттің құрлымы және элементтері мәдени білім беру мен педагогикалық формацияның ажырамас құрамдасы. Этнокөркем мәдениеттің тұлғалық білім ретінде оның ұсынылып отырған құрлымыдық элементтері және олардың мазмұны, бейнелеу өнері мұғаліміне мәдени білім беру кеңістігінде, гуманистік, әлеуметтік мәдени және кәсіби мінездемесінің дамуының негізін ең жоғары деңгейде жасуға мүмкіндік береді

### ҚОРЫТЫНДЫ

Болашақ бейнелеу өнері мамандарының этнокөркем мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық негізін анықтау екі бағытта көрсетілді. Біріншіден этнокөркем мәдениет мәдениетке қатынасы бар құндылықтар жиынтығы. Б. П. Юсовтың теориясына жүгіне отырып этнокөркем мәдениеттің мазмұны кеңістікте күрделі ұйымдастырылған көркемдік, эстетикалық, этникалық, рухани-адамгершілік мәдениеттер жиынтығын ұсынамыз. Бұларды әр қайсы өздігінен ерекше, бір-бірімен өзара байланысыты тұтас бір жиынтықтың бөлшектері. Э. Б. Тайлер, М. С. Қаған, Б. П. Юсовтың теориялық көзқарастары этнокөркем мәдениеттің бағыттарын айқындауға мүмкіндік берді. Біз этнокөркем мәдениеті жалпы мәдениеттің бөлшегі, этностың мәдениеті көрініс тапқан көркем құндылықтар жиынтығы деп тұжырымдама жасадық.

Екіншіден этнокөркем мәдениет болашақ бейнелеу өнері маманының педагогикалық мәдениетінің бір бөлшегі түрінде қарастырған бағытта. Педагогикалық мәдениеті жақсартудың қажетті бағыттарының бірі болашақ мұғалімнің этнокөркем мәдениетін қалыптастыру аспектілерін күшейту және оның элементтерін тұлғалық педагогикалық білім беру призмасынан қару. И. Я. Лернердің білім берудегі құрлымының мазмұнына сүйене отырып. Біз болашақ бейнелеу өнері мұғалімінің этнокөркем мәдениеттің құрлымының өзара байланысты келесі төрт компоненттерін белгіледік: мазмұндық, гносеологиялық, ұйымдастыру-орындаушылық, мәнінің – құндылық.

### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Нұрсұлтан Назарбаев.** Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру бағдарламасы <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhanizhanhgyru>

2 **Ыбыраев, Ш.** Не ексең, соны орасың немесе мәдениет туралы ойлар // XX Ғасыр: Қазақ мәдениетінің тілі мен өнері. Ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2000. – 38 – 45 б.

3 **Грицинов, А. А.** Всемирная энциклопедия: Философия [Текст] / А. А. Грицинов. – М.: Харвест, Современный литератор, 2001. – 1312 с.

4 **Каган, М. С.** Художественная культура в докапиталистических формациях: Структурно-типологическое исследование [Текст] / науч. ред. проф. М. С. Каган. – Л.: ЛГУ, 1984. – 303 с.

5 **Запесоцкий, А. С.** Культурология и педагогика: проблемы взаимосвязи / А. С. Запесоцкий // Педагогика. – 2010. – № 6. – С. 3–8.

6 **Юсов, Б. П.** Доклад на ученом совете ИХО РАО «Современная концепция образовательной области [Текст] / Б. П. Юсов // Искусство в школе, 1999. – С. 8–14.

7 **Романова, Л. Н.** Формирование этнохудожественной культуры студентов художественных вузов в процессе изготовления аторской куклы в национальном костюме: дис. ...канд.пед.наук [Текст] / Л. Н. Романова. – М., 2008. – 271 с.

8 **Маслова, Г. С.** Орнамент русской народной вышивки как историко-этнографический источник [Текст] / Г. С. Маслова. – М., 2001. – 68 с.

9 **Мелников, В. С.** Становление и развитие системы художественного образования в Башкирии в XVIII–XX веках [Текст] / В. С. Мелников: автореф. дис. канд. пед. наук: Йошкар-Ола, 2010. – 22 с.

10 **Бенин, В. Л., Жукова, Е. Д.** Культурологическая компетентность в подготовке педагога [Текст] / В. Л. Бенин, Е. Д. Жукова // образование и наука. Известия уральского отделения РАО. – 2011. – № 2 (81). – С. 73–85.

11 **Воробьева, Т. П.** Воспитание этнохудожественной культуры подростков в учреждениях дополнительного образования детей: дис. ...канд. пед. наук [Текст] / Т. П. Воробьева. – Челябинск, 2006. – 172 с.

12 **Асадуллин, Р. М.** Человек в зеркале образования / Р. М. Асадуллин. Башкирский государственный педагогический университет им. М. Акмуллы. – М. : Наука, 2013. – 247 с.

Материал 30.05.19 баспаға түсті.

*Б. А. Алмухамбетов<sup>1</sup>, Р. Р. Берикбол<sup>2</sup>*

**Педагогические основы формирования этнохудожественной культуры будущего учителя изобразительного искусства**

<sup>1,2</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, 050000, Республика Казахстан. Материал поступил в редакцию 30.05.19.

*B. A. Almukhambetov<sup>1</sup>, R. R. Berikbol<sup>2</sup>*

**The pedagogical basis of forming ethno-artistic culture of the future teacher of fine arts**

<sup>1,2</sup>Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan. Material received on 30.05.19.

*В статье рассматриваются педагогические основы формирования этнохудожественной культуры будущих художников в теории и практике современной образовательной системы. При определении педагогической основы предлагалось проводить исследование в двух направлениях, определяя границы.*

*Во-первых, совокупность ценностей этнохудожественной культуры, связанных с культурой. Во-вторых, этническая культура является частью педагогической культуры будущего специалиста по изобразительному искусству. Виды культуры, взаимосвязанные с этнической культурой: художественная культура; эстетическая культура; этническая культура; была представлена духовно-нравственная культура и графическая схема взаимосвязи. Представлена таблица анализа содержания составных частей этнической культуры. Мы предлагаем усилить аспекты формирования этнохудожественной культуры будущего учителя, одного из важнейших направлений развития педагогической культуры, для решения проблемы с точки*

*зрения частного педагогического образования. Формирование этнохудожественной культуры рассматривается на примере казахстанской художественной графики.*

*The pedagogical basis of forming ethno-artistic culture of future specialists of fine arts in the practice and theory of modern educational system is considered in the article. It is proposed to conduct in two directions in defining the pedagogical basis and border of research problem.*

*First of all, ethno-artistic culture is the combination of values related to culture. Secondly, ethno-artistic culture is one of the part of pedagogical culture of future specialist of fine art. Types of interrelated constituent parts of culture related to ethno-artistic culture: artistic culture; aesthetic culture; ethical culture; spiritual-moral culture are considered and graphic drawing of interrelation is given. The table of analyzed meaning of constituent parts of ethno-artistic culture is proposed. We propose to enhance the aspects of ethno-artistic culture of future teacher which is one of the necessary directions of increasing pedagogical culture considering the problem from the point of separate pedagogical educational prism. The formation of ethno-artistic culture is considered in the example of Kazakhstan graphic art works.*



ГРНТИ 15.81.21

**Е. И. Бурдина<sup>1</sup>, Е. П. Щербакова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>д.п.н., профессор, Гуманитарно-педагогический факультет, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан

<sup>2</sup>докторант PhD, Гуманитарно-педагогический факультет, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан

e-mail: <sup>1</sup>\_Alena-87\_@mail.ru

### **РАЗРАБОТКА МОДУЛЬНОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЫ ПО СПЕЦИАЛЬНОСТИ «ПСИХОЛОГИЯ» В КОНТЕКСТЕ НОРМАТИВНО-ПРАВОВЫХ АКТОВ**

*Статья посвящена вопросам разработке модульной образовательной программы в контексте принятых нормативно-правовых актов. На основе произведенного анализа НПА были выработаны системы компетенции, которые способствуют развитию профессиональных и личностных качеств будущих психологов.*

*Ключевые слова: модульная образовательная программа, профессиональные качества, личностные качества, профессиональные компетенции, знания, умения.*

#### **ВВЕДЕНИЕ**

Модернизации высшего образования Казахстана его интеграция в мировое образовательное пространство, поставит высшую школу в условие, когда необходима не только теоретическая основа профессии, но и прививать способность студенту самостоятельно мыслить, формировать практические навыки и умения. Следовательно, требуется организация учебного процесса, который расширит поле практической деятельности студента, что особенно актуально в области психологии.

Сегодня образовательная деятельность вуза осуществляется на основе его академической политики, которая представляет собой систему мер, правил и процедур по планированию и управлению образовательной деятельностью и эффективной организации учебного процесса, направленных на реализацию студентоориентированного обучения и повышение качества образования [1]. Одна из приоритетных задач вуза подготовка специалиста, обладающего высокими профессиональными и личностными качествами, которые

соответствуют запросам рынка труда. В связи с этим встает вопрос о разработке новых образовательных программ в соответствии с новыми нормативно-правовыми актами, принятыми правительством Республики Казахстан.

#### **ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ**

Для разработки образовательной программы и выработке системы компетенций по специальности «Психология» нами был произведен анализ содержания следующих нормативно-правовых документов: Национальная рамка квалификаций, Отраслевая рамка квалификаций в области здравоохранения, профессиональный стандарт «Специалист-психолог в области здравоохранения», государственный общеобразовательный стандарт высшего образования [2–5].

Национальная рамка квалификаций (НРК) формирует требования к результатам обучения, она является основой к отраслевым рамкам квалификаций и профессионального стандарта специальности. В НРК приводится структура описания требований к личностным и профессиональным компетенциям, знаниям, умениям и навыкам. Они определяют уровень качества и результаты выполняемой деятельности. Основу профессиональной деятельности работника составляют личностные и профессиональные компетенции, которые дают адаптацию к изменяющимся ситуациям в обществе и на рынке труда, формирование новых или обновление имеющихся компетенций. Знания, умения и навыки конкретизируют ключевые компетенции необходимые в профессиональной сфере. В шестом уровне квалификации, который соответствует подготовки бакалавра, приводится следующее структурное описание требований к результатам обучения, которыми должен обладать выпускник бакалавриата. В области знаний – это широкий диапазон теоретических и практических знаний в профессиональной сфере; умений и навыков – самостоятельная разработка и выдвижение различных вариантов решения профессиональных задач с применением теоретических и практических знаний; личностных и профессиональных компетенции – самостоятельное управление и контроль процессами трудовой и учебной деятельности в рамках стратегии, политики и цели организации, обсуждение проблемы, аргументирование выводов и грамотное оперирование информацией.

Отраслевые рамки квалификаций (ОРК) уточняют требования НРК к компетенциям работников с учетом целей, задач производственного цикла, видов (групп) продукции и роли в коллективном разделении труда в конкретной отрасли. ОРК в области здравоохранения соответствует специальности психология.

Профессиональный стандарт необходим как основа для разработки модульной образовательной программы. Он разрабатывается на вид

деятельности и содержит карточки профессий. Так в профессиональном стандарте специалиста психолога в области здравоохранения выделены следующие профессии:

- патопсихолог;
- психолог-консультант;
- клинический нейропсихолог;
- судебный эксперт психолог;
- руководитель психологической службы.

В каждой карточке профессий указываются основные и дополнительные трудовые функции, которые определяют деятельность работника. Знания и умения, описываемые в трудовых функциях, позволяют определить, чему необходимо обучать работников конкретной профессии для того, чтобы их классификация соответствовала требованиям работодателей. Так же трудовые функции и задачи являются основой для определения требований к личностным компетенциям. В профессиональном стандарте специалиста психолога в области здравоохранения выделены такие требования к личностным компетенциям, как:

- аналитическое мышление;
- креативность;
- способность работать в команде;
- эмпатия;
- способность к самообучению;
- организационные и коммуникативные навыки;
- гибкость;
- способность к самообразованию и саморазвитию;
- независимость;
- способность отстаивать позицию;
- организаторские способности.

Согласно государственному общеобразовательному стандарту высшего образования (ГОСО), к уровню подготовки студентов определяются требования на основе Дублинских дескрипторов первого уровня высшего образования (бакалавриат) и отражают освоенные компетенции, выраженные в достигнутых результатах обучения. Результаты обучения формируются как на уровне всей образовательной программы высшего образования, так и на уровне отдельных модулей или учебной дисциплины. Дескрипторы отражают результаты обучения, характеризующие способности студентов:

- 1) демонстрировать знания и понимание в изучаемой области, основанные на передовых знаниях этой области;
- 2) применять знания и понимание на профессиональном уровне, формулировать аргументы и решать проблемы изучаемой области;

3) осуществлять сбор и интерпретацию информации для формирования суждений с учетом социальных, этических и научных соображений;

4) сообщать информацию, идеи, проблемы и решения как специалистам, так и неспециалистам;

5) навыки обучения, необходимые для самостоятельного продолжения дальнейшего обучения в изучаемой области [5].

На основании данного анализа нами была разработана модульная образовательная программа специальности «Психология», которая включает несколько модулей по формированию профессиональных компетенций, способствующих развитию профессиональных и личностных качеств будущих психологов. Модуль основ профессионального мастерства и научных исследований включает дисциплину «Введение в специальность и основы научных исследований» и учебную практику, и направлен на формирование таких компетенций, как:

- усвоение методологических основ и методов научных исследований;
- инициирование психологические исследования: определять области прикладной психологии, предоставляющие возможности для развития исследований;
- овладение методами обработки информации в психологии;
- овладение целостным представлением о возможностях профессии «психолог», путях реализации этих возможностей и особенностях процессов профессионального самоопределения, развития профессиональных и личностных качеств психолога;
- умение сопоставлять и анализировать требования к специалисту-психологу в разных направлениях, выбирать, планировать, организовывать процесс индивидуальной траектории обучения с учётом направления предполагаемой специализации.

Модуль общепрофессиональных дисциплин включает дисциплины «Психология общения», «Психология профессионализма», «Тренинг профессионального развития и личностного роста», и направлен на формирование таких компетенций, как:

- овладение первоначальными навыками понимания себя и других людей; навыками саморефлексии, эмпатии, формирования профессионального самосознания и этики;
- повышение коммуникативной и психологической компетентности будущего психолога, развитие профессиональных коммуникативных навыков, а также усвоение студентами теоретических знаний и практических навыков;

– овладение навыками анализа своей деятельности и умению применять методы эмоциональной и когнитивной регуляции для оптимизации собственной деятельности и психического состояния.

### ВЫВОДЫ

Решения, отнесенные к различным типам управленческой деятельности, подразделяются на решения-цели, решения-концепции, решения-прогнозы, организационные, контрольно-оценочные и коррекционные решения. По степени определенности учебно-педагогических ситуаций, и их алгоритмов реализации решения могут быть эвристическими и алгоритмическими, детерминистическими и вероятностными. Различия в изменчивости характеристик ситуации позволяют делить решения на динамические и статические, а состав элементов задачи и число связей между ними делает возможным разделение решений на простые и сложные. Различия в способах анализа ситуаций и задач служат основанием для разделения решений на формализованные и неформализованные, научно-обоснованные и интуитивно-эмпирические. Наличие или отсутствие творческого элемента и новизны в решениях делит их на новаторские и рутинные. По масштабу планируемых педагогических действий различаются решения общие и специфические, глобальные и частные.

В своей работе мы исходили из предположения о том, что если руководители колледжей в процессе повышения квалификации в условиях повышения квалификации осваивают систему теоретических знаний о новых принципах управления (теорию менеджмента), пройдут через серию деятельностных тренингов, определят программу практико-ориентированного самообразования, то это будет способствовать успешной выработке у них современных управленческих навыков.

Для проверки этого предположения были использованы следующие методики: анкетирование; тестирование; наблюдение; тренинги; деловые игры. Разработанная анкета включала вопросы на выявление: общего представления руководителей о современных методах управления; представления о менеджменте и педагогическом менеджменте; об особенностях деятельности современного руководителя. Был представлен блок вопросов, касающихся непосредственно управленческих навыков по разным направлениям, в частности: авторитет руководителей; постановка задач и организация деятельности; мотивация и контроль. На основе анализа литературы и практики работы были выделены группы управленческих навыков, которыми должен обладать успешный руководитель, для удобства они были сгруппированы по сходным признакам.

К первой группе мы отнесли: навыки самоанализа индивидуального стиля управления и методов руководства. Самоанализ включает в себя определение собственного стиля управления и навыков ситуационного лидерства; стиля принятия решений и взаимодействия с персоналом; методов убеждения и переубеждения; потенциального имиджа (производимого руководителем впечатления в коллективе); уровня предполагаемого авторитета и качества управления собственной репутацией; навыки выбора (в зависимости от ситуации) стиля и методов руководства, наиболее адекватных для каждого; навыки повышения авторитета и деловой репутации руководителя, управления деловой репутацией; навыки самоорганизации и самоконтроля; навыки передачи и получения невербальной информации; навыки публичного выступления и убеждения коллектива; навыки удержания инициативы, контроля над ситуацией; навыки ситуационного лидерства и руководства и умение выявлять типы личности сотрудников на основе логики персонала; навыки лидерства, обладание определенной харизмой.

Ко второй группе были отнесены: навыки принятия решений; навыки работы с информацией; навыки получения и передачи обратной связи; навыки активного слушания; навыки проведения интервью (бесед) с сотрудниками; навыки постановки задач сотрудникам в зависимости от категории персонала; навыки повышения качества исполнения своих распоряжений и заданий; навыки повышения уровня ответственности подчиненных; навыки результативного управления;

К третьей группе мы отнесли: навыки выбора оптимальной позиции в каждом контакте; навыки эффективной коммуникации; навыки профилактики и разрешения конфликтов; навыки конструктивной критики подчиненных; навыки работы с агрессивным или трудным сотрудником; навыки мотивирования сотрудников в процессе непосредственного общения; навыки работы с отговорками и возражениями сотрудников; навыки убеждения и переубеждения; навыки противостояния манипулированию; навыки организации работы; навыки делегирования полномочий; навыки эффективного контроля; навыки проведения корректирующего интервью.

В процессе тренинговой работы руководителями колледжей выполнялось задание: выделить навыки, которые недостаточно ими освоены и требуют отработки и развития.

При изучении особенностей деятельности руководителей был использован тест на эффективность руководства, разработанный Э. А. Уткиным [1, с. 46], включающий в себя выявление степени владения вопросами психологии управления, стиля и особенностей управления. В процессе исследования руководителям предлагалось ответить на 40 вопросов данного теста и

определить эффективность собственного руководства. После выявления проблем, имеющихся у директоров вузов и их заместителей, вербализации недостаточно сформированных навыков управления, были проведены на базе Восточно-Казахстанского филиала АО НЦПК «Орлеу» тренинги и деловые игры, направленные на развитие управленческих навыков.

Результаты тренингов и деловых игр оценивались по критериям, предложенным С. И. Хруцким [2, с. 18]: мнение слушателей, объем полученных знаний и навыков, изменения стиля работы. Самым распространенным способом определения мнения слушателей о проведенной работе являлось анкетирование. Анкета включала в себя следующие вопросы: «Что вам больше всего понравилось на занятиях?» «Что – меньше всего?» «Какова ваша общая оценка данного курса?» Объем полученных знаний и навыков отслеживался с помощью экспресс-опроса до и после окончания учебного курса, что позволило слушателям оценить, насколько возросли их знания и умения. Для изучения изменения стиля работы применялись самые разные способы оценки (самооценка, взаимооценка, экспертная оценка и др.).

В исследовании участвовало 135 человек (руководители вузов, их заместители). Стаж работы респондентов – более 10 лет, на основе чего их можно отнести к опытным руководителям.

Проанализируем ответы респондентов: 100 % опрошенных считают, что в современное время необходим переход к новым, более современным методам управления, но при этом, с содержанием понятия «педагогический менеджмент» не знакомы более 25 % опрошенных. 15 % подчеркивают, что использование менеджмента, как модели управления, в системе образования не всегда уместно. На вопрос о том, каких качеств недостает современным руководителям, были получены следующие ответы: не хватает демократичности (многие являются бюрократами, диктаторами); гуманности; тактичности. Эффективного руководителя респонденты представляют как:

- умеющего организовывать, управлять работой педагогического коллектива;
- сдержанным, владеющим основами менеджмента;
- мобильным, мудрым;
- требовательным и гуманным.

Сложность для респондентов представилась в выделении навыков, которые не достаточно освоены и требуют отработки. Для этого, каждому руководителю было необходимо проанализировать свои личные знания, умения и навыки.

Анализ показал, что в навыках, относящихся к авторитету руководителя, респондентами недостаточно освоены навыки самоанализа индивидуального стиля управления и методов руководства, что отметили более 60 % опрошенных.

Более 40 % респондентов отметили несформированность навыков выбора стиля и методов руководства; навыков повышения авторитета и деловой репутации руководителя, управления деловой репутацией. Как не достаточно освоенные были выделены и навыки удержания инициативы, контроля над ситуацией (80 % респондентов).

Интересным оказался тот факт, что 90 % опрошенных отметили как самые сложные для них и поэтому в большинстве своем не сформированные навыки лидерства, обладание харизмой.

Что касается навыков, относящихся к постановке задач и организации, то 50 % респондентов также отметили их как недостаточно сформированные.

Около 70 % опрошенных выделили, как требующий отработки и развития, навык получения и передачи обратной связи. У половины опрошенных, в процессе работы возникают сложности с навыками постановки задач сотрудникам в зависимости от категории персонала. 100 % опрошенных, отметили как совсем не сформированные навыки результативного управления.

Анализ выявленных у респондентов навыков, относящихся к мотивации и контролю, показал, что у более чем 90 % респондентов слабо сформированы навыки эффективной коммуникации; навыки профилактики и разрешения конфликтов; навыки конструктивной критики подчиненных.

По мнению респондентов, также сложности возникают с навыками мотивирования сотрудников в процессе непосредственного общения (около 40 %. Около 50 % отмечают, что у них недостаточно освоены, тесно связанные между собой навыки работы с отговорками и возражениями сотрудников; навыки убеждения и переубеждения. Почти 15 % отмечают как плохо сформированные навыки делегирования полномочий.

## ВЫВОДЫ

Как показало проведенное исследование, высоким уровнем сформированности управленческих навыков, к сожалению, не обладает ни один из опрошенных. Наиболее распространенными стали средний и низкий уровень. Так, у 40 % опрошенных уровень сформированности управленческих навыков был определен как – средний. Низкий уровень сформированности управленческих навыков был определен у 60 % респондентов. Анализируя полученные результаты можно сделать вывод – что нужна специальная работа по развитию и совершенствованию управленческих навыков.

## СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 Уткин, Э. А. Развитие управленческих умений руководителей. – М., 2015.

2 Хруцкий, С. И. Мониторинг эффективности управленческих навыков. – М., 2001.

Материал поступил в редакцию 30.05.19.

*H. A. Zavalko<sup>1</sup>, S. G. Sakhariyeva<sup>2</sup>, N. N. Radchenko<sup>3</sup>*

**Біліктілікті арттыру жүйесінде кәсіптік білім беру мекемелері басшыларының басқарушылық дағдыларын жетілдіру**

<sup>1,2,3</sup>Психология, педагогика және мәдениет факультеті,

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,

Өскемен қаласы, 070022, Қазақстан Республикасы.

Материал 30.05.19 баспаға түсті.

*N. A. Zavalko<sup>1</sup>, S. G. Sakhariyeva<sup>2</sup>, N. N. Radchenko<sup>3</sup>*

**Improving managerial skills of heads of professional education institutions in the training system**

<sup>1,2,3</sup>Faculty of Psychology, Pedagogy and Culture,

S. Amanzholov East-Kazakhstan State University,

Ust-Kamenogorsk, 070022, Republic of Kazakhstan.

Material received on 30.05.19.

*Мақалада жетекшілердің басқару дағдыларын жетілдіру мәселелері қарастырылады. Авторлар, жетекшілердің меңгеруі тиіс, басқару дағдыларының үш тобын бөліп сипаттады: басқарудың жеке стилін және басқару әдістерін өзіндік талдау дағдылары; басқару шешімдерін қабылдау және ақпаратпен жұмыс істеу дағдылары және коммуникация дағдылары.*

*The article deals with the improvement of managerial skills of managers. The authors identify and describe three groups of managerial skills that a Manager should possess: skills of self-analysis of individual management style and management methods; skills of managerial decision-making and work with information and communication skills.*

FTAMP 14.07.01

**Л. Н. Ибраимова<sup>1</sup>, А. С. Джақсымбетова<sup>2</sup>, Ж. А. Темербаева<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>п.ғ.к., доцент, декан, Өнер және мәдениет факультеті, Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ., 080000, Қазақстан Республикасы;

<sup>2</sup>оқытушы, Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық колледж, Тараз қ., 080000, Қазақстан Республикасы;

<sup>3</sup>п.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік

университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы

e-mail: <sup>1</sup>leskul.ibraimova@mail.ru; <sup>2</sup>zhanna.temerbaeva@mail.ru

## **ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫН ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ ШАРТТАРЫ**

*Мақалада қазақ халық педагогикасының озық үлгілерін сабақ үрдісінде және сабақтан тыс іс-шараларда пайдаланудың тиімділігі мен маңызы туралы айтылады. Сонымен қатар халықтың рухани қазынасы мақал-тәтелдердің жас ұрпақты тәрбиелеудегі маңызы туралы айтылады. Қазақ халық педагогикасы материалдарын оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланудың маңызды принциптері мен шарттары айқындалған.*

*Кілтті сөздер: ұлы дала, ұрпақ тәрбиесі, ұлтаралық келісім, толеранттылық.*

### **КІРІСПЕ**

Ұлы Дала елінің даму кезеңінде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси және жаңа технологиялық өзгерістерден, ұрпақ тәрбиесіндегі бетбұрыстардан білім мен тәрбие беру жүйелерінің ісін жаңа сатыға көтеру қажеттілігі туындап отырғаны мәлім.

Бүгінгі таңда қоғамның ұлттық мәдени тұрғыдан кемелденуі, жас ұрпақты өз халқының рухани қазынасымен, ұлттық тәрбиенің озық, өнегелі дәстүрлерімен тереңірек таныстырып, соның негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, оның шығармашылық, рухани мүмкіндіктерін дамытуға байланысты білім беру жүйесінде оқытудың тәрбиелік құрамдасын күшейту қажеттігі басты міндеттердің бірі. Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты халыққа Жолдауында «Төртінші басымдық – адами капитал сапасын жақсарту. Бірінші, ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына

айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет. Сонымен бірге, ІТ-білімді, қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу керек» деп, оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет екендігін айрықша атап көрсетті [1].

Бұл міндеттерді шешудің басты бір жолы оқыту үдерісінде қазақ халық педагогикасының материалдарын пайдалану арқылы жеке тұлғаға ұлттық тәрбие беру. Өйткені халықтық педагогика – адамгершілік, имандылық, ұлтаралық келісім, толеранттылық, салауаттылық, құқықтық тәрбиелерді берудің басты құралы.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Педагогикалық, оқу-әдістемелік және әдістемелік әдебиеттерді, сондай-ақ арнайы зерттеулерді талдау нәтижесі бүгінгі күнге дейін халықтық педагогиканың материалдарын, оның ішінде халықтық білімдерді жаратылыстану пәндерін оқыту үрдісінде, әсіресе географияны оқытуда халықтық педагогиканы пайдалану зерттеушілердің назарынан тыс қалған.

Қазақтың халық педагогикасы – ұлттық тәрбиенің негізі ретінде тәрбие ісіне қызмет ететін халық шығармашылығының барлық түрлері екендігі, оны зерттейтін жаңа ғылым саласы қазақ этнопедагогикасы деп аталатыны белгілі.

Қазақ халық педагогикасын зерттеу қажеттігі туралы қазақ ғалымдары арасынан ең алғаш пікір айтқан профессор М. Ғабдуллин еді. Ол өзінің «Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес» атты ғылыми-зерттеу еңбегінде былай деп ой қозғаған: «Қазақ халқының өмірінен орын алған тәрбиенің тарихын жан-жақты түрде қарастыру өз алдына зерттелетін мәселе» [2]. Мұндағы автордың мақсаты қазақ халқының сан ғасырлық ұлттық тәлім-тәрбиелік дәстүрлерімен елді таныстыра отырып, болашақ зерттеушілерге халқымыздың өмірінен орын алған тәрбиенің тарихын зерттеу қажеттігін, оны зерттейтін ғылымды анықтау керектігін көрегендікпен болжауы еді деп толық айтуға болады.

Қазақ ұлтынан тұңғыш педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесіне 1962 жылы ие болған профессор Т. Тәжібаев өзінің 60-шы жылдардың басында жазған «Ауылдағы қазақ балаларының тәрбиесі және Қазақстан мектептері» атты мақаласында «Қазақтардың мәдени өмірінде фольклор, музыка, қолданбалы өнер және халықтың тәрбиелік дәстүрлері басты рөл атқарған» дей келіп, қазақ балаларының ауылдардағы тәрбиесі халықтық педагогика негізінде жүргізілгенін айтып, қазақ педагогикасының тарихында алғаш рет «Халықтық педагогика» терминін былай ендіріпті:

«Халықтың сан ғасырлық тәжірибесін, ойы мен мұң-мұқтажын білдіретін мақалдар мен мәтелдерде қазақтың халықтық педагогикасы көп жинақталған».

Қазақстанда «халықтық педагогика» терминіне анықтаманы тұңғыш рет 1978 жылы профессор Қ. Жарықбаев өзінің «Революцияға дейінгі Қазақстанда педагогикалық ой-пікірдің даму тарихынан» атты әдістемелік ұсынысында берген, яғни «Халықтық педагогика – халықтың тәрбиелеу және оқыту туралы білімдерінің қосындысы», ал «Этнопедагогика – халықтық тәлім-тәрбиені, оның тәжірибесін қорытындылап, жүйелейтін теориялық сипаттағы ғылым саласы» [3] деп, оларға өз анықтамаларын нақты жасаған еді.

Қазақ халық педагогикасы материалдарын пайдаланудың келесі бір маңызды принципі – оқушылардың ұлттық дәстүр жөніндегі білімдерінің мінез-құлық, дағды, іскерліктерінің қалыптасуымен үйлесім табуы. Салт-дәстүр, ырым-жоралғы, наным-сенімдерге байланысты сауап, кесір, обал, ысырап, ар, намыс, ұят, т.б. моральдық өлшем жас буынның жағымды мінез-құлқын, ақыл-парасатын, әдептілігін, көргенділігін қалыптастыруда тамаша тәрбие құралы болып табылады. Сондықтан халық педагогикасы материалдарын оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану барысында олардың тәлімділік, тағылымдық мән-мағынасы ескерілуі қажет. Бұл орайда қазақ мақал-мәтелдерін мысалға алсақ та жеткілікті.

Халықтың рухани қазынасы – мақал-мәтелдер аса пәрменді тәрбие құралы іспеттес. Мысалы, «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Ел іші-алтын бесік» немесе «Атаңның ұлы болғанша – елінің құлы бол» мақал-мәтелдері балаларға Отан, ел, жер қадірін терең сезіндіріп, өз халқының патриоты болуға талпындырады.

Этнопедагогика материалдарын оқу үрдісінде пайдаланудың тиімділігі мен нәтижелілігі ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтардың диалектикалық бірлігін сақтау принципінің қатаң қадағалануына байланысты. Оқу-тәрбие үрдісінде осы категориялардың біреуіне басымдылық беру әлеуметтік-тарихи қоғамдастықтар арасында қайшы пікірлер тудырады. Оның себебі: халық дәстүрі мен этномәдениет аса күрделі сипатта болғандықтан, пайдалану паркын білмесе, жастардың ұлттық салт-дәстүрге, адамгершілік нормаларына жағымсыз қарым-қатынасы пайда болуы немесе ұлттық сана-сезім шамадан тыс ұлғайып, ұлтшылдыққа әкеп соғуы да мүмкін. Осы жағдай мектеп міндеттерін шешуде қазақ халық педагогикасы мен әлемдік өркениет қазынасының, көп ұлтты. Қазақстан халықтары мәдениетінің диалектикалық бірлігін сақтау қажеттігін тудырады. Жалпы адамзаттық құндылықтар ұлттық нышандар арқылы қабылданады, сөйтіп

бірін-бірі толықтырып, байытады. Балалардың ұлттық мәдениет өркендерін меңгеруге деген ынта-ықыласы мен құштарлығын сақтап, дамыта отырып, жалпы адамзаттық мәдениет пен өркениет жетістіктеріне ұмтылдыра білу ұлттық дарашылдықтан аулақ болатындай жұмыс мазмұны мен формаларын, әдістерін іздестіруді қажет етеді.

Қазақтың салт-дәстүрлерін дәріптейтін материалдарды оқу-тәрбие үрдісінде бірізділік пен, сабақтастықпен пайдалану принципінің қатаң сақталуы көкейкесті пробле-малардың бірі. Қазақ халық педагогикасы материалдарын оқу-тәрбие үрдісінде ретсіз, жүйесіз қолдану салдарынан ұлттық мұраның мән-маңызына нұқсан келуде. Мектептің тәрбие шараларында халықтық салт-дәстүрдің «Тұсау кесу», «Келін түсіру», «Шашу шашу» сияқты жекелеген, көпшілікке танымал түрлерін ғана пайдалану «дәстүрге» айналды. Тіпті кішкентай қыздарға сәукеле кигізіп қою сияқты дәрекі жәйттер де орын алуда. Осы кемшіліктерді жою мақсатында сабақтарда, тәрбие жұмыстарында, оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерінде бірізділікті, сабақтастықты сақтау, халықтық педагогика материалдарының мән-мазмұнына жете көңіл бөлу көзделеді, Мысалы, салт-дәстүрлерді пайдалануда адам дүниеге келіп, ақырғы сапарға аттанғанға дейінгі («тал бесіктен жер бесікке») аралықтағы барлық түрлері қамтылуы тиіс. Ал халық шығармашылығы үлгілерін қолдануда бастауыш сыныптарда қаламақ, санамақ, жұмбақ тәрізді бала ойындары, орта сыныптарда батырлар жыры, жоғары сыныптарда қоғамдағы қарым-қатынастар туралы түркі ғұламаларының, қазақ ақын-жырауларының, ағартушы қайраткерлерінің күрделі еңбектері білім мен тәрбие мазмұнына арқау болса, нәтижелілігі арта түсері хақ.

Келесі принцип – осы мазмұнды ақпараттарды оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланудың кешенділігі және жүйелілігі. Халық педагогикасы материалдарын оқу-тәрбие үрдісінде меңгерудің мазмұндық жағынан да, орындалу тәртібі жағынан да логикалық жалғастық табуының мәні зор. Айталық, бастауыш сыныптарда сабақ мазмұнына салт-дәстүрлердің бала тәрбиесіне байланысты түрлері, ал орта және жоғары сыныптарда үйлену, үй болуға, адам қазасына қатысты рәсімдер ендірілсе, бұдан әрі сабақта алған білімдері сыныптан тыс шығармашылық әрекеттерінде (шығарма, реферат жазу, ғылыми конференцияларға баяндамалар дайындау және т.б.) тереңдетілсе, оқушылардың халықтық әдет-ғұрып жөнінде жүйелі ұғым-түсініктері қалыптасары сөзсіз. Осындай логикалық байланыстар қазақ халық педагогикасы материалдары саласынан бірізді, терең білімдерді меңгеруге мүмкіндік береді. Кешенділік принципі қазақ халық педагогикасы материалдарының I сыныптан XI сыныпқа дейін оқылатын барлық пәндердің

мазмұнында және тәрбие беру кезеңдерінде қамтылуымен, сондай-ақ оқушылардың сыныптан тыс шығармашылық іс-әрекеттерінде, басқа да тәрбие шараларында қолданылуымен қамтамасыз етіледі.

Қазақ халық педагогикасы материалдарын оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланудың маңызды принциптерінің бірі – оқушылардың жас ерекшеліктерін назарда ұстау және оған саралы көзқарас тұрғысынан қарау. Бастауыш, орта, жоғары сынып оқушылары өздерінің анатомиялық-физиологиялық, психологиялық қасиеттерімен ерекшелінеді.

Бастауыш сынып (1–4 сыныптар) оқушылардың жас шамаларына қарай, олардың адамгершілік, табиғатқа аялы көзқарас, үлкенді сыйлау, сөзге беріктік, әдептілік, адалдық, құрбыластарымен сыпайы қарым-қатынас жасау сияқты сапа-қасиеттерін тәрбиелеуге бағытталған салт-дәстүр үлгілері ұсынылады. Халық шығармашылығы саласынан оқу пәндерінің тақырыптарына байланысты жаңылтпаш, ойын әндерін, санамақ, қаламақ үйрету, ал сыныптан тыс шығармашылық әрекеттері мен тәрбие шараларында табиғи материалдардан ойыншықтар жасату, әндердің инсценировкаларын, қойылымдарын ұйымдастыру қарастырылады.

Жоғарыда көрсетілгендерді мектептің оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланудың формалары мен әдістері сол үрдістің барлық компоненттерімен, әсіресе оның мақсат-міндеттерімен тығыз байланыста екенін атап айтқан жөн.

Психологтардың пікірінше, сабақтарды үнемі бірсыдырғы, бір деңгейде ұйымдастыру формалары балалардың тез шаршауына, қабылдау мен ойлау әрекеттерінің тоқырауына, қызығушылығының бәсеңсуіне әкеп соғады. Әрі қазақ халық педагогикасы материалдарын пәндерге қосымша ретінде енгізілуіне байланысты оқу ақпарының молаюы оларды игеруде біршама күрделілік туғызады. Ішкі қор арқылы пайдалану, құрылымы жағынан тиімді ұйымдастыру жұмыстары ғана жағымды жетістіктерге қол жеткізеді. Осы ретте қазіргі кезде мектеп тәжірибесінде кеңінен орын алған дәстүрлі емес сабақтар (іскерлік ойын, пресс-конференция, жарыс, КТК, аукцион, шығармашылық есеп, лекция-концерт, ойын, брейнинг, телекөпір, экскурсия, ғажайып алаң, т.б.) өткізу, сондай-ақ оқу жұмысын ұйымдастырудың басқа да көмекші формалары (лекция, семинар, конференция, консультация, факультатив, т.б.) қолданылады.

Халық педагогикасын мектептің оқу-тәрбие үрдісінде оңтайлы пайдалану шарттары болып:

– оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану формаларын, әдістері мен принциптерін анықтау;

– оның оқу үрдісінде, мысалы дене шынықтыру пәнін оқытуда пайдаланудың мазмұнын жасау;

– халық педагогикасын пайдаланудың оқушыларға тәрбие берудегі ықпалын анықтау.

Ал пайдалану өлшемдері болып:

– көкейкестілігі;

– тұтастылығы;

– мұғалімнің халық педагогикасын пайдалануға даярлығы;

– халық педагогикасын пайдаланудың практикалық тиімділігі мен болашағы.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен қазақ халық педагогикасын мектептің оқу үрдісінде, оның ішінде географияны оқытуда пайдалануды әдістемелік тұрғыда (оқу бағдарламалары, оқулықтар, оқу құралдары, нұсқаулары, ұсыныстары, оқу фильмдері, диафильмдер, диапозитивтер, көрнекі құралдар және т.б.) қамтамасыз ету: біріншіден, оқушылардың қазақ халық педагогикасы арқылы оқу материалын жүйелі, терең мазмұнды сипатта меңгеруіне септігін тигізеді;

### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Назарбаев, Н. Ә.** «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 31.01. 2017 ж.

2 **Ғабдуллин, М.** Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес. – Алматы : Мектеп, 1966. – 123 б.

3 **Жарикбаев, К.** Из истории развития педагогической мысли в дореволюционном Казахстане. – Алма-Ата : РУМК, 1978. – 82 с.

4 **Лучинина, А. О., Семенова, М. Ю.** Использование традиций народной педагогики в деятельности учителя (классного руководителя) // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2016. – Т. 28. – С. 67–69.

Материал 30.05.19 баспаға түсті.

*Л. Н. Ибраимова<sup>1</sup>, А. С. Джақсымбетова<sup>2</sup>, Ж. А. Темербаева<sup>3</sup>*

### Условия используемые в процессе обучения народной педагогики

<sup>1</sup>Факультет искусства и культуры,  
Таразский государственный педагогический институт,

г. Тараз, 080000, Республика Казахстан;

<sup>2</sup>Жамбылский гуманитарный колледж имени Абая;  
г. Тараз, 080000, Республика Казахстан;

<sup>3</sup>Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова,  
г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 30.05.19.

*L. N. Ibraimova<sup>1</sup>, A. S. Jaksymbekova<sup>2</sup>, Zh. A. Temerbaeva<sup>3</sup>*

### Conditions used in the process of teaching national pedagogics

<sup>1</sup>Faculty of Arts and Culture,

Taraz State Pedagogical University,

Taraz, 080000, Republic of Kazakhstan;

<sup>2</sup>Zhambyl Humanities CollegenamedafterAbay,  
Taraz, 080000, Republic of Kazakhstan;

<sup>3</sup>S. Toraighyrov Pavlodar State University,  
Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan.

Material received on 30.05.19.

*В статье говорится об эффективности и значимости использования передовых моделей казахской народной педагогики в учебной и внешкольной деятельности. В то же время духовные сокровища людей говорят о важности пословиц в воспитании подрастающего поколения. Определены важные принципы и условия использования материалов казахской народной педагогики в образовательном процессе.*

*The article talks about the effectiveness and significance of the use of advanced models of Kazakh folk pedagogy in educational and extracurricular activities. At the same time, the spiritual treasures of people speak of the importance of proverbs in raising the younger generation. The important principles and conditions for the use of materials of the Kazakh national pedagogy in the educational process.*



FTAMP 14.09.03

**Р. Т. Игенбаева<sup>1</sup>, Ж. Т. Ботабаева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>п.ғ.к., профессор м.а., Педагогика және психология кафедрасы,  
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,  
Қызылорда қ., 120000, Қазақстан Республикасы;

<sup>2</sup>ф.ғ.м., «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институты,  
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,  
Қызылорда қ., 120000, Қазақстан Республикасы  
e-mail: <sup>1</sup>IRT\_2208@mail.ru; <sup>2</sup>janat\_kz\_83@mail.ru

**СЫР СҮЛЕЙЛЕРІ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДІН ТӘРБИЕСІ**

*Мақалада қоғамдағы бүгінгі таңда өзекті мәселелер қатарынан орын алып отырған дін тәрбиесі айшықталған. Жастардың рухани кемел тұлға боп қалыптасуында олардың діни танымы, діни санасы, діни сенімі мен діни тәжірибесі маңызды болып табылады. Дін тәрбиесі, соның ішінде ислами ілім – адам баласын тек ізгілікке баулитын, жақсылық, қайырымдылық, жомарттық сынды қасиеттерді насихаттауымен ерекшеленді. Осыған орай мақалада автор дін тәрбиесін сипаттаған Сыр сүлейлері шығармаларына талдау жүргізген.*

*Кілтті сөздер: дін, дін тәрбиесі, иман, діни сенім, діни сана, моральдық-этикалық норма.*

**КІРІСПЕ**

Жас ұрпаққа рухани тәрбие беруде жастардың діни бағытты дұрыс таңдай білуіне, діннің рухани-тағылымдық қырларын, құндылықтарын меңгеруіне ерекше мән беру керек. Елбасы Н. Ә. Назарбаев Қазақстан мұсылмандар Діни басқармасының өкілдерімен кездесу барысында «Дін мәселесі біздің рухани байлығымыздың бір бөлшегі, бұл ретте дәстүрлі рухани тамырымызды нығайта отырып, санамызды жанарту шарт» деп міндеттеген болатын [1].

Жастардың рухани кемел тұлға боп қалыптасуында олардың діни танымы, діни санасы, діни сенімі мен діни тәжірибесі маңызды болып табылады. Дін тәрбиесі, соның ішінде ислами ілім – адам баласын тек ізгілікке баулитын, жақсылық, қайырымдылық, жомарттық сынды қасиеттерді насихаттауымен ерекшеленді. Иман арқылы, адамды дұрыс жолдан бұзатын нәпсіні тию арқылы қоғамдағы моральдық-этикалық нормалардың бұзылуына жол бермейтін, адамды тікелей рухани құндылықтарымен тәрбиелеу арқылы иман нұрымен ақиқатқа жетелеу керектігін уағыздайтын ілім.

Өкінішке орай, қазіргі таңда жастар арасында дәстүрлі діни танымынан ауытқып, қазақтың болмысына жат әрекеттерге жол берілуде, сондықтан олардың кері ағымдардың жетегіне еріп кетпеуінің алдын алып, бағыт-бағдар беру керек. Бұл мәселені тұтас ұлттың мәселесі деп қарастырсақ, дін тәрбиесінің өзектілігі айшықтала түседі.

Жалпы исламның қалыптасу тарихына көз жүгіртсек, оның өкілдері ислам дінінің байрағы көркем мінезде деген қағида арқылы исламды дүние жүзіне таратқан. Көркем мінезді адам адамгершілік нормаларды жоғары қойып, имандылық жолын ұстанады. Адамгершілік нормалары Құранда жасауға болмайтын, яғни «харам» болып саналатын нәрселер және жасалуға тиісті нәрселер жиынтығы – «халал» болып бөлінеді. Қазақ халқы ежелден өзінің адамгершілік, парасаттылық, адалдық, қайырымдылық, ізеттілік қасиеттерімен көзге түскен, имандылық қасиетті зор бағалаған. Сондықтан имандылық, адамгершілік тәрбиесі мұсылмандық және ұлттық дәстүрлердің бірі болған.

Сыр сүлейлері де шығармаларында халықты һақ дін Исламға, адамгершілікке, рухани тазалыққа дәріптейді. Олардың шығармаларынан ислам дінімен келген тағылымдық ой-пікірлердің ықпалының жарқын көрінісі байқауға болады. Олар «Құдай-бір, Құран-шын, Пайғамбар-һақ» деп берік сенім қалыптастырып, Құран-Кәрім сүрелерінен, аят, хадистарден алынған насихат, үлгі-өнеге болатын ғибрат сөздері арқылы бұқара халықтың санасында имандылық-адамгершілік қасиеттерді түсінуге ықпал жасады [2]. Сыр бойында өмір сүрген зиялы өкілдері философия, грамматика, лингвистика, шығыс тарихы мен әдебиеті, астрономия және т.б. жаратылыстану салалары бойынша кәсіби білікті болған. Бұлар негізінен Мекке, Медине, Бағдат, Шам, Ыстанбұл, Каир, Кабул, Герат, Хиуа, Хорезм, Үргеніш, Самарқанд және т.б. мәдениет орталықтарында оқыған. Өңір халқын ағартуда Бұхарадағы «Көкілташ» медресесінің орны ерекше болды. Медресе түлектерінің қатарында Сыр өңірінде өздерінің дербес мешіт-медресесін ашқан діни ағартушылар көптеп саналады.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Жыр жампозы Базар жырау өзінің «Әлеуметтер, құлақ сал» – атты шығармасында: «Бұл дүние шолақ, өткінші. Одан әлемді басқарғандар да, хандар да, әулиелер де, бай да, би де, батыр да, шайыр да өткен, ендеше біз де өтеміз» – дейді. «Алладан ахуал келгенде, батырлар тұрмас бағында, Жаһанды жалғыз тағында», – дей отырып, мынау бес күндік шолақ өмірде сабырлы, қанағатшыл, рахымшыл болуға шақырады.

Дүниені дос көріп, жиғаныңмен тірнектеп,  
Өлгенінде үстіңе киері – үш қат бөз болар,

– деген жыр жолдарынан оның барынша діндар болғандығын байқаймыз.

Базар жырау сонымен қатар Ислам діні тәрбиесінің негізгі қағидаларының бірі «жетім көрсен жебей жүр», жесірлерге қолдау көрсет» екендігіне ерекше назар аударады. Ақын:

«Жетімнің қамын ойласаң –  
Жесірдің көңілі жұбанар,  
Өнбейтін даудың ізінен –  
Өспейтін жігіт қуалар», – деп жырлайды [3, 5 б.].

Исламдық рухани қағидаларды насихаттай отырып, халық арасында теріс пиғыл танытатын молда сымалдарды қатты сынға алады, аңқау елге арамза болған молдалардың теріс пиғылын әшкерелейді:

Білгірсіп жұртқа жөн сілтер  
Дін бұзған кейбір дүмшелер.  
Келгендеи кеулі ғаршыдан.  
Аңқау елге арамза,  
Молда боп жүрген сүмдар көп  
Бейхабар шама-шарқынан  
Барлығын білем дейтұғын,  
Аз емес әуре-сарсаңда,  
Құр босқа кеулі талпынған.  
Ғалымдар айтқан нұсқа бар,  
Асылына тартар ар нәрсе,  
Өзгермейді деген қалпынан [3, 27 б.].

Ислам дінінде ережеге айналған ашуды тежеу, өзгені кешіре білу, кешірім сұрау, кек сақтамау өзгені сыртынан ғайбаттамау, ұрлық жасамау Сыр сүлейлері өлендерінің маңызды тақырыптары болып табылады. Адамның ең ұлы қасиеті – адалдық. Өмірді адалдық қана нұрландырады, жан тазалығына жеткізеді деген пікірді өлендері арқылы насихаттаған.

Мұхаммед пайғамбар әке-шешені қатты құрметтеген. «Жұмақ ананың табанында», «Әкенің ризалығы – Алланың ризалығы. Әкенің реніші – Алланың реніші» деген өсиеттер қалдырған. Ислам діні арқылы Сыр сүлейлері жас ұрпақты адалдыққа, қайырымдылыққа, ізгілікке, сабырлы болуға, имандылыққа баулыған.

Сыр сүлейі Нұртуған жырау арамдық, жалғандықты сүймейтін мұсылманның мақсаты таза жүрек арды жақтау екендігін айта келе:

Махаббат, мейірім, ынсап, қанағаттық,  
Ар, ұят, қайрат, жігер, сабыр, сақтық,  
Таза ой, таза ақыл, таза ниет,

Сақтайтын осыларды жүрек сандық, – деп ойдың, ақылдың, ниеттің таза болуына ерекше мән берген. Жалпы Исламда жүректі нәпсіден тазалау, дүниеқұмарлықтан сақтану, көре алмаушылық, қызғаныш, кекшілдік секілді сезімдерден арылу, ниетті таза сақтау, ғайбат айту, лас ойлау, лас сөйлеуден аулақ болу - жан тазалығын білдіреді. Адамды жамандыққа, зұлымдыққа итермелеуші нәпсі ең төменгі дәрежедегі нәпсі саналып, «нафс-и аммара» деп аталады. Нәпсінің бұл түрі туралы Құран Кәрімнің 52 аятында айтылған [4, 44 б.].

Ниет тазалығы жайлы Тұрмағамбет:

Ел ізіне ермейді,  
Тазартып алмай ішінді.  
Ойдың үйін түземей,

Не қажет бағу жісімді?! – дей келе, Алла тағалаға тәубама келтір, кір басқан көңілімді тазарт деп жалбарынады.

Ақын жалған болмыс, өтірік сөз, жасанды ажары бар замандастарының барлығына қынжыла отырып:

Адамы бұл заманның әрбір түрлі,  
Сөзі жұмсақ, жайдары сегіз қырлы.  
Осындай сырты ажарлы болса-дағы,  
Зәррә қарар ағы жоқ, іші кірлі.  
Іші зұлмат болған соң, керегі жоқ,  
Қаншама болса-дағы жүзі нұрлы, – деген тоқтамға келеді [5].

Нәпсі-бәд пен шайтан адамзаттың ниетін бұзатын, ниетін кірлететін жамандыққа жетектеуші екендігін ақын көптеген жырларына тиек етеді. Оны төмендегі жыр жолдарынан байқаймыз:

Есіркеп, Егем тауфик бере қойса,  
Құрмасын құлшылықтың егер едім.  
Келтірсем кемалатқа күн-түн күтіп,  
Шайтан мен нәпсі бәдті жеңер едім...  
Жолына жамандықтың жетектейтін,  
Найзалап нәпсі бәдтың өкпесін ос.  
Тағдырың тамам болған уақытында,  
Тақ қылып сайманыңды, саламат көш...

Ақын досыңнан дүние үшін айыратын нәпсіні шама келгенше басынан шабу керек дей келе:

Шіркіннің, шамаң келсе, басын шапшы!  
Табылмас сағымнан су, малдан – опа,  
Бектерім, болса ақылың ойла ұзақты.  
Әртүрлі бұзықтыққа бұрмалайтын,

Мойнына нәпсі – иттің сал бұғақты [5].

Қарасақал Ерiмбет нәпсiнi шайтанға балай отырып, тура жолдан адаспай, ел үшiн қызмет ету керектiгiн айтады.

Азғырған нәпсі шайтан тіліне еріп,

Адасқан түзу жолдан кей азамат.

Ер болсаң елің үшін қызмет қыл,

Қасқырдай қара жүрек болма бірақ.

Бір ғана басының қамын ойлап, досы-жаранның кеуілін жығу жақсылыққа бастамайтындығын айта келе:

Ер болсаң, елің үшін қызмет қыл,

Адам аз озбырлықтан пайда тапқан.

Пайдасын бір басының ойлаймын деп,

Жар, достың жарамайды кеуілін жыққан.

Азғырған нәпсі шайтан тіліне еріп,

Ойламай әркім қастық тұзын татқан, – деп нәпсінің салдарынан қастық тұзын тату қиын еместігін ескертеді [6, 40 б.].

Нәпсі-шайтанды бөріге, иманды қозы-лаққа теңей отырып, ақын:

Нәпсі – жар, шайтан – бөрі қорғалаған,

Иман – жарға ойнаған қозы-ақтай.

Солардан саулығыңда сақтанбасаң,

Қоя ма андып жүрген бөрі шаппай?, – дейді [6, 68 б.].

Нәпсі – жар, шайтан – бөрі қорғалаған,

Иман – жарға ойнаған қозы – лақтай.

Солардан саулығыңда сақтанбасаң,

Қоя ма андып жүрген бөрі шаппай? [6, 68 б.].

Тура жол, қисық жолға салмақ үшін,

Періште шайтанменен бізге талас.

Қылады осуасы адамзатты,

Азғырып тура жолдан лаһин ханнас [6, 77 б.].

Қарасақал Ерiмбеттiң «Қарасаң, жаман адам бұл жұртта жоқ» өлеңiндегi:

Истеген озбырлығын қылар мақтан.

Ер болсаң елің үшін қызмет қыл,

Адам аз озбырлықтан пайда тапқан.

Жар достың жарамайды көңілін жыққан.

Азғырған ләпіс шайтан тіліне еріп,

Ойламай әркім қастық тұзын татқан [6, 40 б.].

Ізгілік пен имандылық сияқты қастерлі ұғымды халқына бейнелі тілмен жеткізе білген Ерiмбет ақын өлең жолдарында жаратушы Алланың есiмiн әрдайым ұлық тұтады, бәрiнен де жоғары қояды.

Тұрмағамбет ақынның нәпсі туралы ой-пайымы жайлы Е. Карбозовтың «Т. Ізтілеуұлының жазба айтыстары» атты мақаласында жақсы келтірілген. «Тұрмағамбет Ізтілеуұлы өлеңдерінде «нәпсі» ұғымының сөз етілуі бір бұл емес, бірнеше туындыларында кездеседі, – деп жазады автор, – адам табиғатында рух пен нәпсінің тайталасып өмір сүретіндігін негіз еткен ақын «нәпсіге ерік берсең ер емессің» дейді. Яғни, рухтың биіктей түсуін жақтайды. Тұрмағамбет «келтірмес өлімді ойға нәпсіге ерсең» деп ортаға сөз тастау арқылы айтысты діни дүиентанымға негіздейді. Өлімді әрдайым ойда ұстаған жан ғана о дүниелік азаптың барын есте сақтап, жамандықтан, қиянат жасаудан аяғын тартып жүре алады. Ал нәпсі – қанағатсыздықтың негізі, бастау алар көзі. Ол ешқашанда тоят таба алмайды. Нәпсіге ерік берсең адамгершіліктен ада болғаның. «Нәпсіге ерік берсең ер емессің», адам емессің, адам деген атқа лайық емессің. Адам боп өмірге келгеннен кейінгі баршамызға міндеттелер мақсат адам атына сай өмір сүру, азғындамай, адам қалпында қалу.

Тұрмағамбет ақын нәпсінің екінші атауын «әуес» деп беріп, атқа теңейді. Әуестікке ерсең, шөлде адасасың дейді. Барға қанағат етуге, мал-мүлікке қызықпай, денсаулықты сақтауға, нәпсінің дегеніне көніп, соңынан ілесе бермеуге шақырады» [7].

Құранда Хашыр сүресінің 16-аятында Адамның жүрегіне уәсуа (жаман ойлар) беруші шайтан турасында: Ібілістің мақсаты адам баласын Алланың Хақ жолынан айырып, өзіне сыйындырып, жаман жолға бастау екендігі айтылады [4].

Сыр сүлейлері адамзат баласын Ібілістің арбауынан сақтану қажеттігіне ерекше мән береді. Оны Шораяқтың Омарының мына сөздерінен көруге болады:

Ізіне ізертесіп Ібіліс жүр,

Майпаздап бала баққан кемпірдей-ақ.

Нәпсі – ақымақ, ақылыңды алпыс бөлер,

Ойыңа ешбір қайғы келтірмей-ақ [8, 67 б.].

Сондай-ақ ақын:

Көпті алдап, күнелтіп,

Сайтанның түспе салтына.

Ел бездірген ер емес,

Нәпсінің көніп ырқына, – деген насихат айтады [8, 94 б.].

Біз жоғарыда атап өткен уәсуасадан (жаман ойлар) сақтандыру қажеттілігін айтып, көпшіліктің өзәзілдің тұтқынында жүргендігін Қанлы Жүсіп пен Дүр Оңғар шығармаларынан да байқаймыз.

Шайтан ласин жолға салмай,

Уасуасын қабыл алмай,

Етегінді ерте сілік... [5, 226 б.].

Мына заман жылдан – жылға түрленіп,

Нәпсі қаулап, кеуіл сарай кірленді.

Барша халық мазақ етіп күледі,

Ақ жолында иман іздеп жүргенді [5, 187 б.].

«Серігің жоқ бір алла» атты өлеңде Тұрмағамбет Ізтілеуов Алланың күдіретін дәріптей отырып, адамдарды жан-дүниесін таза ұстауға шақырады.

Өзіңе мағлұм сыры, Алла!

Тәубә – тауық бермесен,

Көңілімді басты кір, Алла!

Сол кірлерді кетіріп,

Ойыма орнат нұр, Алла!

Адаса қойсам, әрқашан

Жолыңа жақсы бүр, Алла!

Қастық қылған қаннастың,

Тұмсығына ұр, Алла!

Иманымды жолдас ет,

«Дүниеден, – десең, – жүр», – Алла!

«Қабыл қыл, – деп, – мұнымды»

Алдында құлың тұр, Алла!

Үмбетіне досыңның,

Бермейсің қайтіп, бір Алла!

Үмітін бар ұялтып:

«Демес-ау, – деген, – бұранда».

«Үмітінді үзбе!» деп,

Айтқаның өзін Құранда! [5, 140 б.].

Ақын «Заң азды» атты өлеңінде заңның олқылығын және әділеттің жоқтығынан адамдардың қайда барып пана табарын білмей тек Алладан ғана медет сұрайтындығын қынжыла баяндайды:

Заң азды, төресі әділ хан жоғынан,

Тозды жұрт тойып жейтін нан жоғынан

Қыран құс қайда ұшарын біле алмай тұр.

Алып жер ашыққанда аң жоғынан.

Жүк жұртта қалды, өзің жеткер, Алла,

Баһадүр, бүтін туған нар жоғынан.

«Болар-деп, -заман қалай?» - қауіп етемін,

Бұл үшін ешбіреуде қам жоғынан.

Көз жасын көр қалай да осы жанның,

Састырды келіп жалын жан-жағынан.

Көп үшін көбелектей болсам деймін,

Есімнің хабарым жоқ бар-жоғынан.

Ақылды ер айтқанымды абайлайды,

Ақылсыз, ақымақ күлер ар жоғынан [5, 76 б.].

Ислам дінінің адам бойына дарытар тазалық пен пәктіктің Алла алдында адами қасиеттің молдығы маңызды екендігін ғибратты өлеңмен жеткізген ақынның бірі Нұртуған ақын. Ол өзінің «Отырма уайымсыз ажал барда» атты өлеңінде.

Дариясы дін – исламның ағып жатыр,

Шомылып кір-қоңыңнан тазар, бар да.

Әкел деп азығыңды Алла айдаған,

Пенденің барлығыңда базар бар да.

Көп сені көмбей тұрып мазарларға.

Азсынбай, аға-інім, аңғарсаңдар,

Бұл айтқан бар ғибрат ғазалдарда [9, 133 б.], – деп иманды, адами қасиетке ие болу үшін кір-қоңың арылып, жүректі таза ұстау қажеттігін айтып, ислам дінінің тағлымын дарияға балаған.

Қаңлы Жүсіп өз өлеңдерінде адамгершілік ізгі қасиеттерді діни тұрғыдан түсіндіруді мақсат тұтты. «Қызметкер тілім сөйлеп қал», «Күдіреті хақ субханның», «Насихат сөз», «Той бастау» сияқты өлеңдері осы пікіріміздің айғағы болып табылады. Ислами ізгі ой-пікірлер, тағылым терең түйіндеулер ақынның мысал өлеңдері мен айтыстарынан да аңғарылады. Оның «Абыраһаның бастан кешкендері» діни дастаны жастарға діни тәрбие беретін ірі туындылардың бірі.

Қаңлы Жүсіптің шығармаларында Құран Кәрім аяттары мен Мұхаммед пайғамбар Хадистерін, олардағы адамгершілік, имандылық рухты баяндауды мақсат тұтқанын аңғару қиын емес. Ақын ислам дінінің адалдық, ар тазалығы, кісіге жамандық жасамау, ел үшін адал еңбек ету сынды имандылық қасиеттерін насихаттайды, Алла тағаланың аталмыш қасиеттерге ие пенделерін сүйетінін барынша шынайы жеткізеді.

Шораяқтың Омары өз еңбектерінде діни, имани мәселелерді кең ауқымда қозғайды. Оның терең мағыналы жырларының бірі «Ұстазым» атты өлеңінде Есенжол деген шайырдың өнегелі өмір жолын, қадір-қасиетін үлгі тұтып былайша жырлайды:

Мәлікүл – Мәуіт періште –

Пенденің келсе оңынан,

Гүрзі алып келсе қолына –

Мүңкір-Нәңкүр солынан;

Армансыз болып өтер ем,

Есенжолдай шайырдың –  
 Үлгі алып, ерсем соңынан! [8, 63 б.].  
 Сондай-ақ «Жастарға аталық кеңес» өлеңінде:  
 Барша төннің сұлтаны –  
 Көңілінді үйретпе  
 Діні исламнан бөтен қырынға!, – деп ислам дінін өзгемен салыстыруға келмейтін дәрежесін дәріптейді.  
 Екінші жауһар – имандық  
 Өмір серік мейманның  
 Тұрған дұшпан сынында,  
 Жалған айтпай жалтарып,  
 Болғыл тастих нұрында!, – деу арқылы адамзаттың асыл қасиеттерінің бірі имандылықты баға жетпес жауһарға балайды.  
 Туған халқына екіжүзділік пен жағымпаздық қасиетке ие даңғой, надан жандардан бойын аулақ салу қажеттігін жырлайды :  
 Әрбіреу шайтандығын үлестіріп,  
 Сездірмей шырмап алар «іні», «ағалап».  
 Әманда ұлықсымақ кеуілденер,  
 Өзгеге қосқан иті тұрса абалап.  
 Ақ іске шимайлап ап қара жағып,  
 Өтілін өткізеді жар жағалап.  
 Күштіге күжірейген арқа сүйеп,  
 Қалдырар кеуілінді бір жаралап.  
 Даңғой мен надандарын үміт артар,  
 Малындай өргізетін жүр қоралап [8].

### ҚОРЫТЫНДЫ

Исламдық дүниетаным негізінде, мұсылмандылықтың ізгі қағидалары негізінде адамдардың сана-сезімдерін қалыптастырып, оқуға, сауатты болуға уағыздап, көңілге нұр сәулесін сеуіп, адал өмір сүру және адамгершіліктің, исламдылықтың ізгін қасиеттерін бойына сіңіру – Сыр сүлейлері шығармаларының алтын дінгегі.

«Ислам діні-біздің ұлт болып қалыптасуымызға, халық болып, тәртіпті, тәрбиелі-ел боп өмір сүруімізге көп қызмет еткен дін. Діннің арқасында мынау кең далада шашырап жатқан біздің көшпенді халқымыз белгілі бір тәртіпке келіп, жинақталған.» – деп діннің тәрбиелік мәнін ғалым, профессор Мұхтар Арын айқын көрсеткен [10]. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «...халық Алласына, Тәңіріне сеніп, ертенгі күнін ар жақтағы ана дүниеге баратын күнін ойлап, дүниеде мынау бүгінгі күннің күйбеңімен жүре бермей, Мұхаммед

Пайғамбарымыздың хадистеріне сәйкес өмір сүрсе» – деп жазған [1]. Сондықтан діннің адамгершілік қасиеттерді, салауаттылықты қалыптастыруға қатысты салаларын қарастырып, оны жастарға уағыздау біздің мақаламыздың негізгі мақсаты.

XXI ғасырға аяқ басқан заманда әлемдік деңгейде өтіп жатқан ғаламдастыру сияқты қатпары әрі астары тұңғыық терең түрлі процесстерге төтеп беріп, ұлттық сана мен болмысты сақтап қалу үшін жеке этносқа алдымен өз дініне беріктік керек. Өйткені діннің ұлт болашағы – жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуде атқарар міндеті айрықша.

Дін адамдарды имандылыққа тәрбиелейді адалдық пен тазалық сақтау, өтірік айтпау, қиянат-зорлық жасамау, ата-ананы құрметтеу, жаман әдеттерге үйір болмау, жетімді жебеу, білім іздеу. Осы айтылғандар қоғамның, елдің, жеке адамның мәдениетін көрсетеді.

Қазіргі жаһандану әсерінен жастардың бойында теріс әрекеттердің белең алуы жағдайында ислами құндылықтар жайлы деректер жүйеленіп, зерделеніп, оның педагогикалық маңызы айқындалып, жастар тәрбиесінде пайдаланылуы қажет. Өйткені, Сыр сүлейлерінің шығармашылығындағы діни ислами қағидаларды жастар тәрбиесінде ұтымды пайдалану қазіргі замандағы жастар тәрбиесіндегі теріс, кері ауытқуларды азайтуға ықпал ететіні сөзсіз.

### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Назарбаев, Н. Ә.** Болашақ үшін бәріміз бірігіп жұмыс істеуіміз керек // qazaquni.kz. – 02.05.2017

2 **Әксікбаева, М. Ә.** Сыр сүлейлері шығармашылығындағы діни-ағартушылық бағыт (тақырыптық, көркемдік ерекшеліктер). – БМ011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының рефераты. – Қызылорда, 2012.

3 Балқы Базар жырау шығармалары. Өлең-толғаулар, жыр-дастандар. – Астана : Фолиант, 2008.

4 Құран Кәрім : 30-пара: мағыналық аударма және тәпсір / Әбсаттар қажы Дербісәлі. – Астана, 2010. – 52 б.

5 **Кәрібозұлы, Б.** Сыр Сүлейлерінің әдеби мұрасы // Мәдени мұра. – 2013. – № 4. – С. 8–16.

6 **Қарасақал Ерімбет** Ұлағат сөзім ұрпаққа. Өлеңдер, айтыстар мен дастандар. – Астана : Фолиант, 2009.

7 **Карбозов, Е. Т.** Ізтілеуұлының жазба айтыстары // Алматы : Қазақ университеті, 2011. – 97 б.

8 **Шораяқтың Омары.** Шығармалары. Терме-толғаулар, өсиет-мысалдар, айтыстар мен дастандар. – Астана : Фолиант, 2009.

9 **Кенжегүлұлы Нұртуған.** Шығармалары. Екі томдық. – Астана : Фолиант, 2008.

10 **Арын, М.** Бес анық: тәрбие туралы толғамдар / жауапты шығарушы Ф. Қабдолқайырұлы. - Алматы : Арыс, 1996. – 120 с.

Материал 30.05.19 баспаға түсті.

*P. T. Igenbayeva<sup>1</sup>, Zh. T. Botabayeva<sup>2</sup>*

### **Религиозное воспитание в произведениях Сулеев Сыра**

<sup>1</sup>Кафедра педагогики и психологии,  
Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,  
г. Кызылорда, 120000, Республика Казахстан;

<sup>2</sup>Научно-исследовательский институт «Коркытоведение и история края»,  
Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,  
г. Кызылорда, 120000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 30.05.19.

*R. T. Igenbayeva<sup>1</sup>, Z. T. Botabayeva<sup>2</sup>*

### **Religious education in the compositions of Syr Suleilery**

<sup>1</sup>Department of Pedagogy and Psychology,  
Korkyt Ata Kyzylorda State University,  
Kyzylorda, 120000, Republic of Kazakhstan;

<sup>2</sup>Research Institute «Korkyt Studies and History of the Area»,  
Korkyt Ata Kyzylorda State University,  
Kyzylorda, 120000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 30.05.19.

*В данной статье рассматриваются проблемы религиозного воспитания, которое сегодня является одним из ключевых вопросов в современном обществе. В становлении молодежи как духовно нравственной личности очень значимы и важны их религиозное познание, религиозное мировоззрение, религиозное убеждение и религиозный опыт вероисповедания. Религиозное воспитание, в том числе исламское учение, проповедует людям доброту, милосердие, сопереживание и великодушие. Исходя из этих взглядов в статье авторами дан анализ произведениям сулеев земли Сыра, описывающих тему религиозного воспитания.*

*This article discusses the problems of religious education, which today is one of the key issues in modern society. In the development of youth as a spiritually moral person, their religious knowledge, religious worldview, religious conviction and religious experience are very significant and important. Religious education, including Islamic teaching, preaches kindness, mercy, empathy and generosity to people. Based on these views in the article, the authors analyze the works of Suley's land, describing the topic of religious education.*

ГРНТИ 14.43.47

**Г. Б. Кодекова<sup>1</sup>, Е. Жуматаева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>докторант, 3 курс, специальность 6D010300 «Педагогика и психология», Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, Павлодар, 140008, Республика Казахстан;

<sup>2</sup>д.п.н., профессор, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, Павлодар, 140008, Республика Казахстан  
e-mail: <sup>1</sup>galeka1985@mail.ru

**ПСИХОЛОГ-СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ОЙЛАУЫН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

*Мақалада автор психология мамандығы бойынша білім алушылардың кәсіби ойлауының қалыптасу жолдары мен дамыту жолдарын зерделеп, ғылым қазынасында бұл тақырып төңірегінде теориялық және практикалық зерттеулерді саралап, қорытынды жасады.*

| Уровень образования           | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019<br>I квартал |
|-------------------------------|------|------|------|------|------|------|------|------|-------------------|
| Бакалавриат                   | 0    | 28   | 41   | 22   | 25   | 33   | 31   | 20   | 9                 |
| Магистратура/<br>докторантура | 20   | 21   | 30   | 11   | 10   | 7    | 6    | 9    | 0                 |
| Итого по вузу:                | 20   | 49   | 71   | 33   | 35   | 40   | 37   | 29   | 9                 |

С 2011 года 323 обучающихся нашего университета выехали на обучение в страны дальнего и ближнего зарубежья, такие как Российская Федерация, Испания, Польша, Чехия, Латвия, Литва, Германия, Мальта, Италия, Австрия, Китай, США, в партнерские вузы. Академическая мобильность продуктивна и результативна, студенты едут учиться за рубеж на длительные сроки – от семестра до учебного года, проходят полный семестровый или годичный курс, который им перезачитывается по возвращении в ПГУ.

Вместе с тем, с 2015 года наша страна активно участвует в программе Европейского Союза «Erasmus+», что дает возможность обучающимся пройти обучение в Европейском вузе, преподавателям провести курс лекции на иностранном языке или пройти тренинг в европейских вузах за счет финансирования Европейского Союза. Также профессора европейских вузов приезжают для чтения лекций в рамках данной программы. Благодаря программе «Erasmus+» 30 обучающихся прошли обучение, 30 преподавателя нашего университета прочитали лекций или прошли тренинг и 18 преподавателя

европейских вузов прочитали лекций в нашем университете. Количество участников программы «Эразмус+» приведена в Таблице 2.

Таблица 2 – Количество участников программы «Эразмус+»

| Вид мобильности  | 2016 | 2017 | 2018 | 2019<br>I квартал |
|--|------|------|------|-------------------|
| Исходящая мобильность обучающихся  | 12   | 3    | 10   | 4                 |
| Исходящая мобильность ППС для чтения лекций и административный работник для прохождения тренинга | 11   | 6    | 5    | 3                 |
| Входящая мобильность ППС   | 5    | 8    | 3    | 2                 |
| Итого по вузу:   | 28   | 17   | 18   | 9                 |

В результате эффективного сотрудничества широкий круг преподавателей, сотрудников и студентов получают доступ к европейскому образованию и европейской культуре.

Для полной интернационализации высшего образования необходимо привлечь и увеличить долю иностранных студентов в системе высшего профессионального образования. Интернационализация образования, помимо наличия основных факторов, подразумевает комплекс мер по обеспечению условий для обучения граждан зарубежных государств, преподавания фундаментальных дисциплин на иностранном языке, преподавание казахского и русского языка как иностранного, создание бытовых условий и т.д. На сегодняшний день в Казахстане нет единого механизма привлечения и создания условий для обучения иностранных граждан, что в целом снижает для них привлекательность системы образования.

Развитие интернационализации образования в нашем университете в условиях казахстанского образовательного пространства имеет ряд объективных академических барьеров и трудностей. Одной из проблем для успешной интернационализации ПГУ имени С. Торайгырова является языковой барьер: недостаточное владение сотрудниками и обучающимися вуза иностранными языками для коммуникации, учебы и работы. Необходима организация углубленного преподавания иностранного языка как профессиональной составляющей, что приведет к достижению целого ряда преимуществ: повысит конкурентоспособность выпускника, обеспечит доступ к мировым научным ресурсам, создаст предпосылки для интернационализации научных исследований и т.д. Работа в данном направлении ведется Центром полиязычного образования. Ежегодно 400 обучающихся и более 60 профессорско-преподавательского состава университета проходят курсы углубленного иностранного языка.

Обучение преподавателей профильных кафедр иностранным языкам и разработка предметных курсов на иностранном языке как основы для

образовательных программ приведет в дальнейшем к созданию возможности иностранным студентам обучаться в нашем университете.

## ВЫВОДЫ

Академическая мобильность является одним из ключевых средств интернационализации высшего образования. Интернационализацию образования следует осуществлять так, чтобы не ущемить национальные традиции образования, сохраняя и укрепляя традиции толерантного отношения казахстанцев к представителям других наций, народов и культур. Это означает двусторонний процесс взаимного учета интересов, и Казахстан не только будет адаптировать свои внутренние системы в соответствии с мировыми стандартами, но и переведет свои национальные традиции на язык совместного общения и станет равным партнером на мировом пространстве высшего образования.

## СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 Послание Президента Республики Казахстан – Лидера нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Казахстан-2050» Новый политический курс состоявшего государства. – Астана, 14 декабря 2012 года.
- 2 **Brookes, M. and Huisman, J.** ‘The eagle of the Circle of Gold Stars: Does the Bologna Process Affect US Higher Education’, Higher Education in Europe. – № 34(1). – 2009. – P. 3–23.
- 3 **Altbach, P.G. and Teichler, U.** ‘Internationalisation and exchanges in a globalised university’, Journal of Studies in International Education. – 2001. – № 5(1). – P. 5–25.
- 4 **Teichler, U.** ‘Internationalisation as a challenge for higher education in Europe’, Tertiary Education and Management. – 1999. – № 5. – P. 5–23.
- 5 **Knight, J.** Updating the Definition of Internationalization // International Higher Education. The Boston College Center for International Higher Education. – 2003. – № 33.
- 6 Стратегия академической мобильности в Республике Казахстан на 2012-2020 годы. – Астана, 2012.
- 7 Пражское коммюнике, Чешская Республика, Прага, 19 мая 2001 года.
- 8 Бухарестское коммюнике, Румыния, Бухарест, 25-26 апреля 2012 года.
- 9 Стратегия академической мобильности в Республике Казахстан на 2012-2020 годы. Астана, 2012.
- 10 Концепция интернационализации и академической мобильности Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова на 2013-2020 годы. – Павлодар, 2013.

11 **Оралова, Г. С.** Интернационализация высшего образования в Казахстане: реализация на современном этапе, ЕНУ имени Л. Н. Гумилева. – Астана, 2013.

12 Стратегия мобильности ЕПВО 2020. – Бухарест, 2012.

Материал поступил в редакцию 30.05.19.

*К. Б. Мукатаева<sup>1</sup>, Н. Э. Пфейфер<sup>2</sup>*

**Білім интернационализациясы – Қазақстан ЖОО-ның бәсекелестік кепілі**

<sup>1,2</sup>Гуманитарлық-педагогикалық факультеті,

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті,

Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы.

Материал 30.05.19 баспаға түсті.

*К. В. Mukataeva<sup>1</sup>, N. E. Pfeifer<sup>2</sup>*

**Internationalization of education – a guarantee of competitiveness of Kazakhstan universities**

<sup>1,2</sup>Faculty of Humanities and Education,

S. Toraighyrov Pavlodar State University,

Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan.

Material received on 30.05.19.

*Мақалада қазіргі заманғы жоғары білімнің Болон процесінің контекстіндегі негізгі ұстанымдары қарастырылады. Міндетті параметрлерге көңіл бөлінеді, интернационализация проблемалары егжей-тегжейлі қаралады. Білім беруді интернационалдандыру шеңберінде оның басты құрамдас бөлігі - академиялық ұтқырлық ұсынылған. Академиялық ұтқырлық еуропалық елдер үшін де, Қазақстан үшін де маңызды. Академиялық ұтқырлықты дамыту С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің мысалында қарастырылады: академиялық ұтқырлық қатысушыларының динамикасы, келешегі, географиясы; Еуропалық Одақтың «Эразмус +» бағдарламасы арқылы академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыру мүмкіндігіне назар аударылады. Білім беруді интернационалдандыру және қазіргі проблемаларды шешу жолдары және интернационалдандыру мен академиялық ұтқырлықты одан әрі дамыту перспективалары белгіленген.*

*The article discusses the key positions of modern higher education in the context of the Bologna process. Attention is paid to the mandatory parameters, the problems of internationalization are considered in detail. As part of the internationalization of education, its main component – academic mobility is presented. Academic mobility is a priority for both European countries and Kazakhstan. The development of academic mobility is considered on the example of S. Toraighyrov Pavlodar State University: dynamics, prospects, geography of participants of academic mobility; attention is paid to the possibility of implementing the academic mobility program through the European Union program «Erasmus+». The problems of internationalization of education and ways to overcome the existing problems and further prospects of internationalization and academic mobility are outlined.*

**Н. Ш. Нұрғалиев<sup>1</sup>, Б. Қ. Байжанова<sup>2</sup>, Ж. Б. Жұматаева<sup>3</sup>,  
А. А. Демесінова<sup>4</sup>, Э. А. Ержанова<sup>5</sup>, Н. М. Жаппарбеков<sup>6</sup>**

<sup>1</sup>философия докторы (PhD), Инженерлі-технологиялық факультеті, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ., 120000, Қазақстан Республикасы;

<sup>2</sup>философия докторы (PhD), Инженерлі-технологиялық факультеті, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ., 120000, Қазақстан Республикасы;

<sup>3</sup>философия докторы (PhD), Инженерлі-технологиялық факультеті, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ., 120000, Қазақстан Республикасы;

<sup>4</sup>философия докторы (PhD), Инженерлі-технологиялық факультеті, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ., 120000, Қазақстан Республикасы;

<sup>5</sup>философия докторы (PhD), Инженерлі-технологиялық факультеті, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ., 120000, Қазақстан Республикасы;

<sup>6</sup>философия докторы (PhD), Инженерлі-технологиялық факультеті, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ., 120000, Қазақстан Республикасы;

e-mail: <sup>1</sup>nurgaliyev-nurali@mail.ru

### **ТӘЖІРИБЕ ІСІНІҢ ӘДІСТЕМЕСІ ПӘНІНЕН «ТАНАП ТӘЖІРИБЕСІНЕ УЧАСКЕ ТАҢДАУ ЖӘНЕ ОНЫ ДАЙЫНДАУ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ДӘРІСТІ CASE-STUDY ӘДІСІН ҚОЛДАНЫП ЖҮРГІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Бұл мақалада дәріс жүргізу барысында case study әдісін пайдалану арқылы студенттердің сабақ барысында тез арада шешім қабылдай алу және ұйымдастыру қарқынын арттыратындығы туралы айтылған. Бұл әдісті қолданудағы оқытудың табысты болуы, ұйымдастырушы оқытушы жұмысына байланысты. Негізгі мақсаты студенттер бір топта жұмыс істеп, үйреніп ақпараттың тапшылығына қарамастан, ең тығыз уақытта, тез арада шешім қабылдай білуі болып табылады.*

*Кілтті сөздер: дискуссия, кейс стади оқытудың әдісі ретінде, оқыту, ситуациялық оқыту.*

### КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда ауылшаруашылығы мамандықтары бойынша білім алудың тиімді әдістерінің біріне айналған **case-study** әдісі теориялық білім алған студенттерді болашақ мамандықтың практикасына негізделген әрекеттерге баулиды. **Case-study** – таңдау жасау мен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыратын тиімді әдіс. Ол нақты ситуацияларды (жағдаяттарды) практикалық тұрғыдан талдау мен оларды өмірде кезігетін түрінде қайталауға, «ойнап» шығуға негізделеді. Сол себепті де case-study әдісін кейде «нақты оқу ситуациялар әдісі» деп те атайды [1].

Агрономия мамандығы бойынша білім алатын студенттерге жүргізілетін «Тәжірибе ісінің әдістемесі» пәні бойынша дәрістерді оқыту кезінде case-study әдісін қолданудың ерекшеліктері анықталды. Негізінен case-study ағылшын тілінен аударғанда, «кейс» сөзі «жағдай», «оқиға» дегенді білдіреді. Сонда «кейс» деген сөз біздің ұғымымызда жағдаятты (ситуацияны) сипаттауды, суреттеуді білдіреді. Ол қандай да бір субъектінің (мәселен, фирма, кәсіпорын, ұйым, аймақ, т.б.) тарихын (пайда болуы мен өсуі) және даму нәтижелерін сипаттайды. Ал case-study дегеніміз – кейстерді қолдану арқылы жүзеге асырылатын сабақтың нысаны (формасы).

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Біздің мысалымыздағы «Танап тәжірибесіне учаске таңдау және оны дайындау» тақырыбындағы дәріс мазмұнында танаптық тәжірибе жүргізетін жерді дайындауда негізінен екі талап қойылады, атап айтқанда, болашақта тәжірибе нәтижесін пайдаланатын шаруашылықтың топырағы және топырақ жабындысы біртектес болады. Танап-тәжірибе жүргізілетін жердің құрамы арқылы топырақ құнарлығының ала-құлалығын анықтайды.

Учаскенің сәйкестігі табиғи жағдайлардың сәйкестігімен анықталмайды, оған топырақтың құнарлығы, жыртылатын топырақ қабатының тереңдігі, қоректеріндегі сіңімді заттарының қоры, топырақ ерітіндісінің реакциясы, яғни зерттеуге дейінгі мәліметтер арқылы анықталады.

Учаскенің топырақ жағдайының типтестігі қойылған тәжірибе талаптарын қанағаттандыра ала ма, әлде жоқ па, соны анықтайды. Топырақ құнарлығы туралы мәлімет болмаса, оның бағасы төмендейді, себебі тәжірибе нәтижелерін салыстыратын көрсеткіштері болмайды.

Топырақ жабындысының біртектестігі – танаптық тәжірибеге арнайы бөлінген учаскесі біртектілігін сақтау үшін мына талаптарды қанағаттандырады.

Тәжірибе учаскесінің топырағын тексерерде алдына екі міндет қояды. Біріншісі – учаскедегі топыраққа толығымен сипаттама беру, ондағысы



тәжірибеден алынған нәтижелеріне тек сәйкес топырақты шаруашылықтарға ұсынады.

Екінші міндет – танап тәжірибесін ең дұрысы учаске топырағының бір түрлілігіне орналастыру. Топырақты толық тексеріп, шекарасын анық көрсету үшін топырақ түрін картаға 1:5000 масштабпен түсіреді.

Танап тәжірибесіне учаскені дайындардан бұрын топырақтың ала-құлалығымен, оның тарихымен танысады. Учаскенің тарихымен танысу үшін танап тарихы туралы кітабымен, ауыспалы егістер жоспарлары және басқа құжаттармен танысады.

Кейбір агротехникалық тәсілдердің топырақ құнарлығына әсері ұзақ уақытқа созылады. Оларға жататындар:

- топыраққа әк енгізу;
- тыңайтқышты топыраққа енгізу;
- топырақтың жыртылатын қабатын толықтыру;
- ауыспалы егісте көп жылдық шөптерді себу.

Сондықтан да тәжірибе учаскесінде аталған агротехникалық тәсілдердің қандайы қолданылса алдын ала бұл танаптың өнімін бөлшектеп есептеп топырақтың ала-құлалығын анықтамайынша, ол учаскеде егіс тәжірибесін жүргізуге болмайды. Өсімдікке жүргізілетін тәжірибелер, олардан алынатын қорытындылар жер бедеріне байланысты болады.

Учаскенің тарихи жағдайын білген жағдайда тосын кездейсоқ әсерлерден аулақ болады. Мысалы, учаскеде қазылған ор, жыра, арықтар, объектілер құрылысының орны, малдың тұрып жатқан орындары болуға тиісті емес. Олардың танап-тәжірибе нәтижелеріне әсерінің салдарынан тәжірибе жұмысының орындалу дәлділігі төмендейді. Танап-тәжірибе учаскесінің үстінен өткен жолдың ізі 5-тен 10 жылға дейін жойылмайды, мұндай алқапты тәжірибе учаскесіне бөлуге болмайды.

Тәжірибе жүргізетін жердің егіншілік тарихы белгісіз болса, тәжірибе жұмысын ол жерге жүргізуге келмейді. Ең кем дегенде кейінгі 3...4 жыл ішінде осы жерде бір ғана дақыл себілген, тыңайтқыштарды қолдануы, топырақ өңдеуі және тағы басқа мәліметтері болуы керек.

Орман, жол, қоршаулар және құрылыстардың егіс тәжірибесіне жақын орналастыруынан, танап-тәжірибе учаскесіне орманның немесе бөлек ағаштардың жақын өсуінің салдарынан күн жарығы мен топырақ қабатындағы ылғалдығы бірдей болмайды. Соған орай тәжірибелерді құрылыстардан, мал қораларынан, орманнан 50...100 метрдей қашықтықта орналастырады, бөлек өскен ағаштан 25...30 метрдей, жолдардан 10...20 метрдей жерден жақын орналастырмайды.

Жер бедері – біртектестіктің негізгі факторларының бірі, немесе танап-тәжірибе учаскесінің ойлы-қырлылығы оның бедері болып табылады. Учаске жерінің бедері жүргізілетін тәжірибенің мақсаты мен зерттелетін өсімдігіне байланысты. Тәжірибелердің көпшілігі үшін учаске жерінің беткейі тегіс, немесе бірыңғай ылдйлау (100 метр бойынша 1...2,5 метрден) болады. Суы өз бетімен ағу арқылы суарылмалы танап-тәжірибелерде белгілі бір ылдйлығы дұрыс, ал топырақты ылғалдандыру үшін оның ылдйлығы 0,005-тен 0,01 дейін болуы керек.

Тәжірибе учаскесін дайындау – танап тәжірибесін жүргізуге учаскені арнайы тек тұрақты егіс экспериментіне дайындайды. Ол мына бағыттарда жүргізіледі:

- тәжірибе учаскенің топырақ беткейінің тегістігін әрі біртектестігін топырақты зерттеу мен нивелир арқылы анықтайды;
- бір немесе бірнеше жылда егіс себу арқылы немесе алқаптағы топырақты біркелкі өңдеумен учаске топырағының құнарлығын теңестіреді;
- учаскедегі топырақ құнарлығының ала-құлалығын анықтауда рекогносцировты егісінің өнімін бөлшектеп есептеу арқылы анықтайды.

Тәжірибе жүргізетін топырақ біркелкі болуы қажет. Топырақтың біркелкілігі тәжірибе учаскесінде толық болмаса, онда ең болмағанда әр қайталаудағы мөлдектерді біркелкі топыраққа орналастырады. Топырақ әртүрлілігін анықтау үшін оның біркелкі дәрежесін және ыза суының (жер асты суы) тереңдігін тексеру жүргізгенде қолданатын негізінен дағдылы әдістері топырақ кесіндісі, көму арқылы, топырақ картасын 1 сантиметрде 10–50 метрдей масштабпен жасайды. Топырақты тексерудегі негізгі мақсат тәжірибе жүргізетін жердің топырағына толығырақ сипаттама беріп және оны дұрыс орналастыруына көмектесу немесе егер бұл мүмкін болмаса, онда топырақ түршесінің біреуіне барлық варианттардағы қайталауларды біріктіріп орналастырады.

Осы мәтінде құрылған дәрісті өту кезінде case-study әдісін қолдану үшін студенттерді келесідей әрекеттерге жұмылдыру:

- кез келген теориялық мәлімет пен ақпаратты талдау,
- негізгі проблемаларды айқындау,
- проблемаларды шешудің әртүрлі балама жолдарын табу (ситуация – көп шешімі және баламасы бар оқиға екендігін ұмытпайық),
- сараптау арқылы олардың ішінен ең тиімдісін таңдау,
- өз іс-әрекеттерін жоспарлау.

Case-study практикалық мәселелерді жан-жақты қарастыру арқылы пәннің теориялық мазмұнын толықтырады. Case-study әдісі көмегімен өмірде туындайтын проблемаларға жауап іздену арқылы студенттер ертенгі

өмірде кездесуі мүмкін жағдайлар мен мәселелердің дұрыс шешімін табуға жаттығады [2].

Кейстерді қолдану әдісі алғаш рет XX-ғасырдың бас кезінде Еуропа университеттерінде құқықтану және медицина пәндері бойынша студенттерді үйретуде қолдана бастаған. Бұл кезде case-study құқықтық немесе медициналық практикада орын алған оқиғаларды (прецеденттерді) зерттеу тәсілі ретінде танылып, оның негізін студенттердің өздік жұмыстары құрады: практикалық оқиғаны зерттеу үшін студенттер көптеген теориялық мағлұматтарды қарастыруға мәжбүр болды.

Case-studyдің басты қағидасы «**Ақиқатты іздену – ақиқаттың өзінен де маңызды**» деп тұжырымдауға болады, өйткені бұл әдіс оқу/үйренуді іздену процесі ретінде қарастырады: оның негізін проблема шешу деп танып, талқылау мен пікірталасты, шешім қабылдауды оның басты құралдары қатарына жатқызады [3].

Case-study әртүрлі әдістер мен тәсілдерді біртұтас күрделі жүйеге біріктіреді. Олардың қатарына келесідей бірлескен жұмыс тәсілдерін жатқызуға болады:

- ой қозғау,
- модельдеу,
- пікірталас,
- талқылау мен жүйелі талдау,
- іскерлік және рөлдік ойындар,
- тәжірибе жасау,
- проблемалық әдіс,
- жазу тәсілдері.

**Кейсте қарастырылатын нақты жағдаяттар (ситуациялар) қандай болу керек?**

1 Ситуация практикадан (өмірден) алынуы керек.

Практикалық маңызы бар бұл ситуация (мәселен, бизнес тарихынан немесе практикасынан алынған оқиға) студенттік аудиторияда талқылау барысында шығармашылық атмосфера тудыруы керек, яғни ол барлық студенттерге қызық болып, пікір алмасу мен таластарға әкелуі керек.

Практикада кездесетін ситуацияларды екі түрде келтіруге болады:

а) Өмірде болған оқиғалар мен әрекеттердің негізінде (кейде мұндай кейстерді «далалық» деп те атайды).

ә) Жасанды ситуациялардың негізінде («кабинеттік»).

2 Ситуация бір нәрсеге үйрету керек.

Ситуацияны талқылау арқылы пән немесе тақырып бойынша белгілі бір прагматикалық нәтижелерге жетуді мақсат тұту керек. «Студенттер қандай білік, дағды, машықтарды игереді?» деген сұраққа жауап беру.

3 Ситуацияда шешім қабылдауды қажет ететін ішкі шиеленіс немесе жұмбақ болуы керек.

4 Ситуацияда ақпарат мөлшері көп болуы керек.

Ақпараттың көптігі, біріншіден, тандауды қажет ететін болса, екіншіден, студенттерден де басқа ақпарат көздерін тауып, қолдануды талап етуі керек.

**Case-study әдісі үйренушілерде келесідей кәсіби, әдістемелік және коммуникативтік құзырлылықтарды қалыптастырады:**

- Пән аралық байланыстарды айқындау.
- Көшбасшылыққа ұмтылу.
- Қысқа уақыт ішінде жүйеленбеген, ретке келтірілмеген ақпаратты талдау.
- Сыни, конструктивтік, аналитикалық және жүйелі тұрғыдан ойлау.
- Сәттілікке бағытталу, жеңімпаз психологиясын дамыту.
- Балама (альтернативтік) шешімдерді бағалау.
- Нақты кәсіби біліктерді (мәселен, кәсіпорын жұмысы) игеру.
- Өздері атқарған жұмыстың (талқылау, талдау, жоба, т.б.) нәтижелерін жариялау (презентациялау).

– Белгіленген уақыт ішінде ақпараттың жетіспеушілігі (немесе, керісінше, оның көлемінің тым көп болуы) мен уақыт тапшылығы жағдайында шешім қабылдау және оның салдарын бағалау.

– Қарым-қатынас дағдылары мен бірлесе (команда құрамында) жұмыс жасау машықтарын игеру.

**Кейстің үлгісі**

**«Қарауылтөбе» учаскесінің тұзданған топырағында егіс алқабын дайындау** (ықпалдалған нұсқасы).

Бұл ситуация студенттердің «Танаптық тәжірибе жүргізу», «Ұйымды басқару» ұғымдары бойынша теориялық білімдерді қандай деңгейде игергендігін практикалық әрекеттерді қолдану арқылы көрсетулеріне мүмкіндігін береді.

**Кіріспе.**

**«Қарауылтөбе»** тәжірибе учаскесінің топырағын тексерерде біріншіден, учаскедегі топыраққа толығымен сипаттама берілуі керек, себебі тәжірибеден алынған нәтижелерге тек сәйкес топырақты ғана шаруашылықтарға ұсыну қажет. Екіншіден, танап тәжірибесін учаске топырағының бір түрлілігіне орналастырған дұрыс. Топырақты толық тексеріп, шекарасын анық көрсету үшін топырақ түрі картаға 1:5000 масштабпен түсіріледі.

Танап тәжірибесіне учаскені дайындар алдында топырақтың алалығымен, оның тарихымен танысады. Учаскенің тарихымен танысу үшін танап тарихы

туралы кітабымен, ауыспалы егістер жоспарлары және басқа құжаттармен танысып алу керек.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ары қарай сабақ барысында дәріс мәтіні бойынша пікір-талас, сұрақ-жауап арқылы толық ақпараттар беріледі.

Кесте 1 – Білім алушылардың «Кейс» арқылы бағалау

| Өлшемдер  | Көрсеткіштер  | Балл сандары |
|---|---|--------------|
| Мағыналы оқу дағдыларын меңгеру   | Мәтіннен толық ақпаратты алу, негізгі идеяны бөліп алу, оқиғаның жүйелілігін құрастырады  | 3            |
|   | Мәтіннен негізгі ақпаратты алу, басты идеяны бөліп алу, оқиғаның жүйелі түрде құра алмайды  | 2            |
|   | Мәтіннен жеке фактілерді ақпаратты алу, оқиғаның жүйесі мен негізгі идеясын көре алмайды  | 1            |
| Өз бетінше ойлау  | Жетіспейтін білімді және есепті шешу тәсілін іздеуді өзбетінше жүзеге асырады, негізгі қорытындыны қалыптастырады                 | 3            |
|   | Негізгі қорытынды жасау және әрекет тәсілдерін анықтау кезінде мұғалім кеңес береді   | 2            |
|   | Студентт жұмысының әрбір кезеңінде мұғалім жетекшілік етіп отырады  | 1            |
| Жоспарланған нәтижемен өз әрекетін сәйкестендіру білігінің болуы, өз әрекетін сәйкестендіру білігінің болуы, жұмыс процесі кезінде өз әрекетін бақылауды жүзеге асыру | Жоспарланған нәтижемен өз әрекетін сәйкестендіру білігінің болуы, іс-әрекет тәсілдерін анықтау, түзетулер енгізу                  | 3            |
|   | Әрекет тәсілдерін анықтайды, берілген эталонмен салыстыру, қиындық себептерін көрмеу  | 2            |
|   | Әрекет тәсілдерін анықтайды, бірақ берілген эталонмен салыстыра аламайды, түзетулер енгізе алмайды                                | 1            |
| Мақсатқа жету жолдарын жоспарлай алу, оқу есептерін шешудің тиімді тәсілдерін таңдау  | Мақсатқа жетудің жолын өз бетінше жоспарлайды, ең тиімдісін көрсете отырып оқу есептерін шешудің әртүрлі тәсілін ұсынады          | 3            |
|   | Оқытушымен бірге мақсатқа жетудің жолын, оқу есептерін шешудің әртүрлі тәсілін ұсынады, бірақ олардың тиімдісін бөліп көрсетпейді | 2            |
|   | Оқытушымен бірге мақсатқа жетудің жолын, оқу есептерін шешу тәсілін жоспарлайды   | 1            |

|                                    |   |   |
|------------------------------------|---|---|
| Оқу бірлестіктерін ұйымдастыра алу | Бірлескен әрекетте рөлдер мен қызметтерді бөледі, іс-әрекеттерді ұйымдастыру үшін қажетті сұрақтар қояды, өзінің көзқарасын білдіреді және аргументтейді        | 3 |
|                                    | Бірлескен әрекетте белгілі бір рөл орындайды, өзінің көзқарасын білдіреді және аргументтейді  | 2 |
|                                    | Бірлескен әрекетте белгілі бір рөл орындайды, өзінің көзқарасын білдіре алмайды.  | 1 |
| Жұмыстың нәтижесін көрсете білу    | Ақпаратты өз бетінше көрнекі-символикалық формада көрсете алады (кесте, график, сызба түрінде және т.б.), бірақ оларды аргумент ретінде қолдана алады           | 3 |
|                                    | Ақпаратты оқытушының көмегімен көрнекі-символикалық формада көрсете алады (кесте, график, сызба түрінде және т.б.), бірақ оларды аргумент ретінде қолдана алады | 2 |
|                                    | Ақпаратты оқытушының көмегімен көрнекі-символикалық формада көрсете алады (кесте, график, сызба түрінде және т.б.), бірақ оны қолдана аламайды                  | 1 |

### ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, case-study әдісін қолданып дәріс өткізудің төмендегідей ерекшеліктеріне тоқталып өтуге болады:

1 Студенттер білім алу процесінде таңдау еркіндігіне ие болып, оқытушыны, пәндерді, оқу тәсілдерін, тапсырмаларды және оларды орындау жолдарын таңдай алады.

2 Оқытушы студенттерге теориялық мәліметті толығымен «бермей», тек негізгі ұғымдарға тоқталып, студенттердің теорияны практикалық тұрғыдан қолдануын қадағалайды.

3 Студенттерде өзін-өзі басқару дағдылары қалыптасады, олар ақпаратпен тиімді түрде жұмыс жасауды үйреніп, оның орасан зор көлемінен өзіне қажеттісін таңдап, шешім қабылдауға, сол арқылы жауапкершілікке, өз іс-әрекеттерін жоспарлауға үйренеді.

4 Оқытушы мен студенттер арасында тиімді қарым-қатынас пен ынтымақтастық нығаяды, оқытушы әрбір студенттің қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескереді, студенттің жағымды қасиеттеріне көңіл аударады.

5 Студенттер абстракциялы біліммен айналыспай, нақты нәтижеге әкелетін мәселелерді қарастыру арқылы өмірде (кәсіби практикада) кездесетін ситуацияларды зерттеу және талдау дағдыларын қалыптастырады.

6 Студенттер өз шешімдерін дәлелдеуге машықтанады, шешімдердің барлық баламаларын дұрыс бағалап, басқа пікірлерді ескеріп, олармен санасуды үйренеді.

7 Студенттер проблемаларды шешуде қажетті көрнекі материалдармен қамтамасыздандырылады (ғылыми әдебиет, мақалалар, видео- және

аудиокассеталар, CD дискілері, кейсте қызметі қарастырылатын компаниялардың өнімдері).

Кейсте келтірілген оқиға аудиторияда талқыланып, ол жөнінде пікірталас ұйымдастырумен бірге бұл ситуация қандай да бір шешім қабылдаумен аяқталуы тиіс. Басқа сөзбен айтқанда, ситуация өзекті бір проблеманы шешуді талап етуі керек. Сол арқылы студенттер өздерінің теориялық, практикалық біліктері мен дағдыларын ұштай түседі.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Глуховцев, В. В. Основы научных исследований в агрономии: курс лекций / В. В. Глуховцев, С. Н. Зудилин, В. Г. Кириченко. – Самара : ФГОУ ВПО Самарская ГСХА, 2008. – 290 с.

2 Смолянинова, О. Г. Информационные технологии и методика Case Study в профессиональном обучении студентов педагогического вуза : Труды II Всероссийской научно-методической конференции «Образование XXI века: инновационные технологии диагностика и управление в целях информатизации и гуманизации». – Красноярск, 2010.

3 Әбдірәсілов, Л. Ә. Оқыту үрдісінде оқу кейсін пайдалану тиімділігі // Білім саласындағы жаңа ақпараттық технологиялар. X ғылыми-әдіст. конф. мат. – Астана, 2009. – 198–200 б.

Материал 30.05.19 баспаға түсті.

*Н. Ш. Нурғалиев<sup>1</sup>, Б. К. Байжанова<sup>2</sup>, Ж. Б. Жуматаева<sup>3</sup>, А. А. Демесина<sup>4</sup>, Э. А. Ержанова<sup>5</sup>, Н. М. Жаппарбеков<sup>6</sup>*

**Особенности использования технологии case-study в процессе обучения лекции на тему «Выбор и подготовка участка для полевого опыта» по предмету методика опытного дела**

<sup>1,2,3,4,5,6</sup>Инженерно-технологический факультет,

Кызылординский государственный университет имени Кorkыт Ата,  
г. Кызылорда, 120000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 30.05.19.

*N. Sh. Nurgaliyev<sup>1</sup>, B. K. Bayzhanova<sup>2</sup>, Zh. B. Zhumatayeva<sup>3</sup>, A. A. Demesinova<sup>4</sup>, E. A. Erzhanova<sup>5</sup>, N. M. Zhapparbekov<sup>6</sup>*

**Features of the use of case-study technology in the course of training of the lecture on the subject «The choice and preparation of the site for field experiment» in the subject The technique of experimental case**

<sup>1,2,3,4,5,6</sup>Faculty of Engineering and Technology,

The Korkyt Ata Kyzylorda state University,

Kyzylorda, 120000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 30.05.19.

*Статья посвящена анализу дидактических возможностей метода case study в обучении студентов, который позволяет сформировать устойчивый познавательный интерес к изучаемым предметам, способствует развитию коммуникативных, исследовательских и творческих компетенций. Бесспорным достоинством технологии ситуационного обучения на реальных практических примерах является не только формирование теоретических знаний и практических навыков, но и расширение профессиональных позиций студентов, системы ценностей, жизненных установок, своеобразного профессионального самоопределения и осознанного мироощущения.*

*Article is devoted to the analysis of didactic opportunities of the case study method in training of students which allows to create a steady cognitive interest to the studied objects, contributes to the development of communicative, research and creative competences. The indisputable advantage of technology of situational training at real practical examples is not only formation of theoretical knowledge and practical skills, but also expansion of professional positions of students, the systems of values, vital installations, a peculiar professional self-determination and conscious attitude.*

ГРНТИ 14.07.11

**М. Е. Нурғалиева<sup>1</sup>, Е. А. Башаркина<sup>2</sup>, Г. М. Тулекова<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>докторант, 3 курс, 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы, Гуманитарлық-педагогикалық факультеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы;

<sup>2</sup>п.ғ.к., доцент, А. Кулешов атындағы Могилев мемлекеттік университеті, Могилев қ., 212022, Беларусь Республикасы;

<sup>3</sup>PhD докторы, қауымд. профессор, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы  
e-mail: <sup>1</sup>murshida80@mail.ru; <sup>2</sup>zhenya\_mai\_2001@mail.ru

### **СТУДЕНТТЕРДІҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ ҮДЕРІСІНДЕ ӨЗДІК ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МОДЕЛІ**

*Бұл мақалада құзыреттілік ұстанымдары негізінде студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісінде өздік жұмысты ұйымдастырудың теориялық моделі қарастырылады. Өздік жұмыс білім беру және танымдық белсенділіктің ажырамас бөлігі болып табылады және іріктелген мамандыққа сәйкес келетін іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру, болашақ мамандардың кәсіби қалыптасуы мен дамуы үшін нақты және терең білім алуға көмектеседі. Модель компоненттерінің мазмұны ашылады, сондай-ақ модельдің тиімділігін қамтамасыз ету үшін қажетті педагогикалық шарттары тәжірибемделген. Болашақ мамандарды даярлауда және оқу үдерісінің сапасын арттыруда өздік жұмыс атқарады, ол студенттердің шығармашылық қызмет түрлеріне ие болуға және өздерінің интеллектуалды қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, студенттердің өздік қызметін дамыту құралы ретінде студенттердің өздік жұмысына, сыни ойлауды, интеллектуалды әлеуетті, студенттердің аналитикалық қабілеттерін дамытуға, жеке және топта жұмыс істей білуге ерекше көңіл бөлінеді. Студенттердің өздік жұмысын ұйымдастыру үшін әзірленген үлгі студенттерден жеке және ынтымақтастықта жұмыс істей білуді талап етеді.*

*Кілтті сөздер: іс-әрекет, модель, өздік жұмыс, студенттердің өздік жұмысы, интеллектуалды әлеуетті арттыру үдерісінде өздік жұмысты ұйымдастыру моделі.*

**КІРІСПЕ**

Қазіргі дүниежүзілік жаһандану жағдайында оқу-білімнің қарқынды дамуы білімнің мемлекет сүйенген бірден-бір тірек екендігін көрсетеді. Бүгінгі күнде заманауи талабымен өзектелген Қазақстанның экономикасын алға тартатын 30 приоритеттік жобаның анықталуымен айқындалған мемлекет саясаты – кез-келген салада өздік ойлау жүйесі, өз пікірі бар, өздігінен шығармашылықпен іздене білетін, жоғары креативті деңгейдегі, құзырлылығы жеткілікті кәсіби мамандар даярлау. Бұл жаңа оқу жүйесінде кредиттік оқыту жағдайында қалыптасып келе жатқан күрделі педагогикалық үдеріс, педагогикалық ізденістерде кеңінен пайдаланылып жүрген ойша эксперимент, модельдеу әдісін қолдануды қажет етеді.

Модель (француз mobile – үлгі, латынша mobilis – өлшем) – шартты бейне (схема, сипаттама), объектілер туралы адамдардың білімдері арасындағы қарым-қатынасты білдіру қызметін атқарады, оқытудағы көрнекілік құралдың бірі. Модельді құрастыру – демек арнайы аналогтарды жасау жолымен нақты бар жүйені материалды немесе ойша ұқсатуды іске асыру, бұл жағдайда аналогтарда осы жүйені ұйымдастыру және жұмыс істеу принциптері көшіріледі [1, 2].

Модель – бұл таным құралы. Бақылау және эксперимент нәтижесінде қалыптасқан кез-келген теориялық түсінік түпнұсқа-объектімен салыстырмалы түрде модель ретінде қабылдануы мүмкін. Теория модельде нақтылыққа және көрнекілікке иеленеді [3].

Оқыту үдерісінде модельдеудің теориялық және практикалық негіздерін, осы әдістің мүмкіндіктерін және педагогикалық үдерісті оңтайландыру құралы ретінде ашып көрсететін модельдеудің педагогикалық аспектілері С. И. Архангельский, В. П. Беспалько, С. А. Бешенков, М. А. Галагузова, А. Н. Дахин, Л. Б. Ительсон, М. А. Құдайқұлов, В. И. Михеев, А. М. Новиков, В. А. Штофтың зерттеулерінде көрініс тапты.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Кредиттік оқыту жағдайындағы оқу үдерісінде оқу нәтижелеріне жету траекториясында білім алу іс-әрекеті ретінде танылатын СОӨЖ-ры, студенттерді білім, білік, дағдыларды меңгеруге, олардың қабілеттігін, белсенділігін, дербестігін дамытатын жан-жақты, көпфункционалды құбылыс. Студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісінде өздік жұмысты ұйымдастыру оның мақсатты, ақпараттық-мазмұндық, ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік және бақылау-бағалау компоненттерімен ұсынылған моделін жасау мен апробациядан өткізуді көздейді (сурет 1).


*Мақсатты компонент* тәсілдерді, заңдылықтарды, ұстанымдарды және мақсатты қамтиды. Мақсатты компонент өздік жұмысты ұйымдастыру

үдерісінде студент пен оқытушының мотивациялық-құндылық ұстанымдарын және функционалдық ролін анықтайды.

Студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісінде өздік жұмысты ұйымдастыру моделін құрудың теориялық-әдіснамалық негізі диагностикалық құзыреттілікті қалыптастырудың мазмұны мен бағытын айқындайтын құзыреттілік, тұлғалық-іс-әрекеттік, жүйелілік және гуманистік тәсілдер зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне барынша жауап беретін ретінде құрайды.

*Ақпараттық-мазмұндық компонент.* Студенттердің өздік жұмыстарын атқаруға даярлығының екінші компонентінде СООЖ-ры білім тек дағды қалыптастырудан тиімді жолы болғандықтан онда жетекші білімдердің және оқу-қызмет тәсілдерінің жүйесі қамтылады, бұл тәсілдер жаңа білімдер мен әрекет тәсілдерін өздігінен игеру біліктілігін айқындайды. Бұл компоненттің ерекшелігін айқындау үшін жоғары оқу орны студенттері білімдерінің және олардың оқу-танымдық қызмет тәсілдері жүйесінің ерекшеліктерін анықтау қажет:

- өздік жұмысты ұйымдастырудағы танымдық, белсенділік, шығармашылық іс-әрекеттерінің психологиялық құрылымы;
- өздік жұмыстарды ұйымдастырудың педагогикалық шарттары мен құралдар жүйесі;
- өздік жұмыстарды ұйымдастыруды қамтамасыз етудің мазмұны, мәні және әдістері мен формалары туралы білімі;
- өздік жұмыстарды ұйымдастыруға қажетті ақыл-парасат, оқу еңбегі және арнаулы пәндік біліктер жүйесі;
- студенттердің танымдық әрекеттерінің себептері (танымдық және әлеуметтік);
- талдау, синтез, салыстыру, абстракция, жалпылау жүргізе білу;
- ақпаратпен жұмыс істей білу, дәлірек айтқанда мәтінді түсінудің жоғары деңгейін сақтай отырып, тез оқу;
- ақпаратты түсіну тереңдігі, ойлау әс-әрекетінің икемділігі;
- педагогикалық үдерісінде интеллектуалды әлеуетті дамыту.





Сурет 1 – Студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісінде өздік жұмысты ұйымдастырудың теориялық моделі

Ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік компоненті студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісінде өздік жұмысты ұйымдастыруды жүзеге асыру кезеңдерінен (мотивациялық, ұйымдастырушылық, атқарушылық, рефлексивті, бақылаушы) тұрады.

Бұл компонентке студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісінде өздік жұмысты ұйымдастырудың формалары, әдістері мен құралдары кіреді. Негізгі формалары дәрістік және семинарлық сабақтар болып табылады, оның барысында студенттердің интеллектуалды әлеуетін, СӨЖ, СОӨЖ, бақылау жұмыстары, пікір-сайыс, педагогикалық тәжірибе барысында өздік жұмыс мазмұнын құрайтын құзыреттіліктерді қалыптастыру жүргізіледі.

Студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісінде өздік жұмысты ұйымдастыру келесі әдістермен жүзеге асырылады: іскерлік ойындар, ми шабуылы, топтық дискуссия, нақты жағдайды талдау, диалогты жүргізу, психологиялық тренингтер, эссе, портфолио, жобалар әдісі, дөңгелек үстел, жаттығулар, case-study.

Іздестіру дайындығын ұйымдастырудың негізгі құралдарына мыналар жатады:

- 1) «Көшбасшылық психологиясы» пәні бойынша «Студенттердің интеллектуалды әлеуеті» блогы;
- 2) типтік оқу бағдарламалары, оқу-әдістемелік кешендер;
- 3) оқытушыларға арналған әдістемелік нұсқаулықтар;
- 4) ақпараттық-қарым-қатынастық технологиялар (ИКТ);
- 5) критериалды-диагностикалық құралдары.

Ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік компонент педагогикалық шарттарды және кезең-кезеңімен ескере отырып, құзыреттілік тәсіл негізінде өздік жұмысты ұйымдастыру моделін жүзеге асыруды, сондай-ақ студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісінде өздік жұмыстың жай-күйін және ұйымдастырылуын қадағалауға мүмкіндік беретін критериалды-диагностикалық құралдарды әзірлеуді көздейді. Өздік жұмысты ұйымдастыру үдерісі оны қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтауды талап етеді.

Іздестіру дайындығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары ретінде бізбен мыналары анықталды:

- 1 СӨЖ-дың ресурстармен қамтамасыз ету;
- 2 логикалық ойлау тапсырмаларды студенттердің танымдық қызығушылықтары мен ізденімпаздық қабілеттеріне, логикалық ойлау қажетсінулеріне қарай топтап іріктеу;
- 3 студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары мен ізденушілік-логикалық жұмыстарының пәндік нақты мақсаттарға бағытталып, құндылық бағыттарының болуы;
- 4 студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыруда оқытушылардың кәсібилілігі;
- 5 студенттердің өздік іс-әрекетін үздіксіз уәждемелік қамтамасыз ету;
- 6 «Көшбасшылық психологиясы» пәнінің тақырыптық жоспарына «Студенттердің интеллектуалды әлеуеті» блогын енгізу;
- 7 ЖОО-да оқу үдерісіндегі диплом алдындағы тәжірибе;
- 8 ЖОО-нда интеллектуалды әлеуетті арттыруға ықпал етуші интеллектуалды орта.

Бақылау-бағалау компоненті соңғы нәтижемен өздік жұмыстың тиімді әдістерін меңгерген, өздік жұмыс жасау біліктері, өз кәсіби әрекетінде ғылыми ізденіс жасау білігі мен дағдысы және интеллектуалды ойлау қалыптасқан өз әрекеті мен тұлғасын өзі басқара алатын, өзін-өзі дамытатын шығармашыл тұлға үш деңгейдің бірінде (жоғары, орташа, төмен) берілген. Өздік жұмыстың тиімділігін бағалау критерийлері мотивациялық-тұлғалық (өздік іс-әрекетке қызығушылықтың деңгейін өзгерту, алған білімдердің тұлғалық мәнін

түсіну, шығармашылық іс-әрекетке дайындық), когнитивті-интеллектуалдық (студенттердің білім деңгейіне өздік жұмыстың әсері), әлеуметтік-қарым-қатынастық, ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік (өздік жұмыс іскерлігінің сапасын өзгерту) және рефлексивті болып табылады.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Осылайша, жоғарыда баяндалғанның негізінде студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісінде өздік жұмысты ұйымдастырудың теориялық моделі оны жүзеге асырудың 4 компонентін құрайтыны туралы қорытынды жасауға болады. Максатты компонент өзіне құзыреттілік, тұлғалық-іс-әрекеттік, жүйелілік және гуманистік тәсілдерді, сондай-ақ заңдылықтарды, ұстанымдарды және ізделіп отырған әзірлікті ұйымдастырудың мақсатты ұстанымдарын қамтиды. Ақпараттық-мазмұндық компонент өздік жұмыстың концептуалды сипаттамаларын зерделеуді, сондай-ақ зерттеу мәселесі бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдауды қамтиды. Ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік компоненті оқытудың формалары, әдістері мен құралдары, сонымен қатар студенттердің өздік жұмысын ұйымдастырудың педагогикалық шарттардан тұрады. Бақылау-бағалау компоненті ізделіп отырған әзірлікті ұйымдастыру критерийлері мен деңгейлерімен, сондай-ақ соңғы нәтижемен ұсынылған.

### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Гершунский, Б. С.** Россия – США : интеграция в сфере образования (ценностно-целевые приоритеты). – М., 2003. – С.15–20.

2 **Хмель, Н. Д.** Теория и технология реализации целостного педагогического процесса: учебное пособие в помощь преподавателям, аспирантам, магистрантам, студентам и школьным учителям. – Алматы, 2002. – С. 70–73.

3 **Болотов, В. А.** компетентностная модель: от идеи к образовательной программе // Педагогика. – 2003. – № 10. – С. 10–14.

Материал 30.05.19 баспаға түсті.

*М. Е. Нурғалиева<sup>1</sup>, Е. А. Башаркина<sup>2</sup>, Г. М. Тулекова<sup>3</sup>*

**Теоретическая модель организации самостоятельной работы в процессе повышения интеллектуального потенциала студентов**

<sup>1</sup>Гуманитарно-педагогический факультет, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан;

<sup>2</sup>Могилевский государственный университет имени А. Кулешова, г. Могилев, 212022, Республика Беларусь;

<sup>3</sup>Павлодарский государственный педагогический университет, г. Павлодар, 140000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 30.05.19.

*М. Е. Nurgaliyeva<sup>1</sup>, Y. A. Basharkina<sup>2</sup>, G. M. Tulekova<sup>3</sup>*

**A theoretical model of organization of independent work in the process of increasing the intellectual potential of students**

<sup>1</sup>Faculty of Humanities and Education, S. Toraihyrov Pavlodar State University, Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan;

<sup>2</sup>A. Kuleshov Mogilev State University, Mogilev, 212022, Republic of Belarus;

<sup>3</sup>Pavlodar State Pedagogical University, Pavlodar, 140000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 30.05.19.

*В данной статье рассматривается теоретическая модель организации самостоятельной работы в процессе повышения интеллектуального потенциала студентов на основе принципов компетентностного подхода. Самостоятельная работа является неотъемлемой частью учебно-познавательной деятельности и способствует получению более прочных и глубоких знаний, формированию умений и навыков, соответствующих выбранной профессии, профессиональному становлению и развитию будущих специалистов. Раскрываются содержания компонентов модели, а также сформулированы педагогические условия, необходимые для обеспечения эффективности модели. Особая роль в подготовке будущих специалистов и повышении качества учебного процесса принадлежит самостоятельной работе, которая даёт возможность студентам приобщиться к творческим видам деятельности и развить свои интеллектуальные способности. Также особое внимание уделяется самостоятельной работе студентов как средству развития самостоятельной деятельности студентов, развитию критического мышления, интеллектуального потенциала, аналитических способностей студентов, умению работать индивидуально и в группе. Модель, разработанная для организации*



*самостоятельной работы студентов, требует от студентов умения работать индивидуально и в сотрудничестве.*

*This article discusses the theoretical model of the organization of independent work in the process of increasing the intellectual potential of students on the basis of the principles of competence approach. Independent work is an integral part of educational and cognitive activity and contributes to the acquisition of more solid and in-depth knowledge, the formation of skills corresponding to the chosen profession, professional development and development of future specialists. The content of the components of the model is revealed, and the pedagogical conditions necessary to ensure the effectiveness of the model are formulated. A special role in the training of future specialists and improving the quality of the educational process belongs to independent work, which gives students the opportunity to join the creative activities and develop their intellectual abilities. Also, special attention is paid to the independent work of students as a means of development of independent activity of students, the development of critical thinking, intellectual potential, analytical abilities of students, the ability to work individually and in a group. The model developed for the organization of independent work of students requires the ability of students to work individually and in cooperation.*

ГРНТИ 14.01.01

**Б. А. Нурмагамбетова<sup>1</sup>, Г. М. Тулекова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>к.п.н., доцент, Педагогический факультет, Павлодарский государственный педагогический университет, Павлодар, 140000, Республика Казахстан;

<sup>2</sup>доктор PhD, доцент, Педагогический факультет, Павлодарский государственный педагогический университет, Павлодар, 140000, Республика Казахстан

e-mail: <sup>1</sup>botagoz\_2211@mail.ru; <sup>2</sup>cessen@mail.ru

### **О РОЛИ ПАТРИОТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ В СТАНОВЛЕНИЯ ЛИЧНОСТИ**

*В статье рассматриваются вопросы воспитания патриотизма у подрастающего поколения через программу нравственно-духовного образования «Самопознание». Проводится анализ документа, который охватывает все сферы воспитательной работы в организациях образования. Приведены примеры духовно-нравственного воспитания как значимого социального направления в становлении личности. Также отмечается, что оно базируется на духовных ценностях казахстанцев с учетом всех современных рисков и вызовов глобализации. В статье также говорится о нравственно-духовном воспитании детей и молодежи как об эффективном механизме социальной модернизации общества, основе утверждения в социуме высоких нравственно-духовных идеалов, которые издревле волновали человечество.*

*Ключевые слова: патриотизм, воспитание молодёжи, программа воспитания.*

#### **ВВЕДЕНИЕ**

В своей Статье Глава государства Н. А. Назарбаев «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» поделился «своим видением того, как нам вместе сделать шаг навстречу будущему, изменить общественное сознание, чтобы стать единой Нацией сильных и ответственных людей».

Патриотичная, образованная, обладающая здоровьем, ответственная и энергичная, успешно работающая в условиях инновационной экономики, владеющая казахским, русским и английским языками, впитавшая общечеловеческие ценности и культуру казахстанского народа, толерантная, узнаваемая и уважаемая в мире – такой видится казахстанская молодежь.

## ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

